№14-15 (20-21) / қаңтар-ақпан / 2019

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ – ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ

Кәсібің - нәсібің / Денсаулық / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Қатегері: Зейнулла ЕРКЕБАЛАЕВ

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Стилист: Зүлфия ҚАБЫЛҚЫЗЫ

Фотограф: Нақып Шынтеміров

sarasoz.kz sarasoz.kz

**Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

**МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»**

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материал-дарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Мұқабада: абайтанушы Омар ЖӘЛЕЛҰЛЫ









Арзан сөздің уақыты өтті,
ендігі кезек
ұлттың жадын қаузайтын,
жанын марқайтатын

«САРАСӨЗДІКІ»

МЕНІҢ ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНЫМ!

Сіз бен біз асыға күткен жер дүние жаңара түсетін көктем мезгілі де жақындап келеді. Қысқа жинаған азығын талғажау еткен адамдар, Самарқандтың көктасы еритін кезді асыға күтеді. Көктемнің жылы лебін сезінген жұрт «Көктемнің әр күні – жылға азық» деген түйсікпен жаңа шаруаға жұмыла кіріседі, біздің ақжарма тілегіміз: қай қайырымды істің де қайыры болсын!

Биылғы жылдың төлбасы-нөмірін біз де ыстық ынтамен, аса ыждаһаттылықпен дайындадық. Әр айдарымыз ойлы оқырманымыздың биік талабын қанағаттандырып, керегіне жараса екен деп еңбек қылдық. Жасыратыны жоқ, бүгінгідей технологияның қарыштап дамып, адамзат баласының кітапқа үңілмей, гәзет-жорнал іздемей темір гаджетке тәуелді заманында классикалық басылымды бәсекеге сай етіп шығару, оның таралымын көбейту, шығынын өтеу әсте де оңай емес. Соған қарамастан, редакцияға оқырманнан алғыс арқалап келген хаттардың жанымызды жылытып, шабытымызды оятып, шығармашылығымызға сергек серпіліс беріп жатқанын жасырмаймыз!

Сужаңа нөміріміздің мәртебелі мұқабасына – Абайдың «Адам бол, мал тап» қағидатына негізделген, адамды еңбек етуге жігерлендіретін, адами болмыс-бітімін, ар-абыройын сақтап қалудың жолдарын нұсқайтын «Еңбек – Рух» атты монография мен қазақы дүниетанымның қайнарын қанып ішкен ғұламалар (Йассауи, Бұқар жырау, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім) шығармаларындағы жаратушы мен пенденің, пенде мен дүниенің, пенденің өз-өзімен қарым-қатынас табиғатын тануға ұмтылған ғылыми мақалалар мен зерттеулер енген «Харекет» және «Жақсы» кітаптарының авторы, абайтанушы, қазақтың кәзіргі мұң-зарын терең толғам, тұңғиық таныммен тербетіп жүрген алашқа танымал азамат Омар ЖӘЛЕЛҰЛЫН ылайық көрдік.

Ендеше, біз де Омар ағамызша: «Таным-таразымыз жақсы мен жаманды, пайдалы мен пайдасызды ажыратуға үйретіп, нәпсімізді жеңген рухымыз еңбекке бастаса, Қазақ елі көркейіп, болашағы зор, бақыты баянды болады», – деген нық сенімдеміз.

Қазақтың үлкен-кіші зиялысына шама-шарқымызша арзан сөз ұсынбауға белді бекем будық. Қызыл тілмен қанықкан сара сөздің қадірін түсініп, қасиетін тұшыну – сізге серт, оқушым!

Немістің атышулы ақыны Фридрих Гёльдерлиннің: «Бесіктегі бақытты күндер тәрізді махаббаттың да мамыражай маусымы болады. Бірақ, өмірдің өзі бізді бесіктен білдірмей алыстата береді» дегені бар еді, бес күн тіршіліктің бесіктегі бақытты күндері, яғни мәні мен мағынасы –білімді баянды етіп, ілімді кемелдендіру екендігі – саналы адам, ойлы тұлғаға дәлелдеуге қажетсіз ақиқат. Демек, санаңды жарықтандырып, жүрегіңді жылытатын жақсы журналға жазыл, оқып-тоқып, ойланып-жайланып, жақсылық пен жеңіске ұмтыл, қазақ баласы!

Гүлжаз ҚАРЫБЕК,
«САРАСӨЗ» журналының бас редакторы.

Омар Жәлелұлы:

«САТЫП АЛҒАН САРҒАЛДАҚТЫҢ САБАҒЫ БАЛ ТАТИДЫ»



САРАСӨЗ: Аға, Түркістанға қош келдіңіз! Сіз «харекет» сөзін қоғамға енгіздіңіз. Жақында «Жақсы» кітабыңыз жарық көрді. Халық арасында сұранысқа ие кітаптардың біріне айналып үлгерді. «Жақсы» сөзін семинар-тренинг өткізе жүріп, қоғамға енгізу тиімді ме? Жалпы семинар-тренинг қазаққа керек пе? Керек емес дейін десең аудиториясыз қалып жатқан тренер жоқ. Қаптаған тренингшілерден көз аша алмай қалдық, белгілі формасы да жоқ, баға да әртүрлі... Осыған қарап қазақ рухани ашыққан дейміз бе?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Жалпы XXI ғасыр тренингтердің заманы. «Training» деген сөз ағылшын тілінен аударғанда педагогика деген мағынаны береді екен. Қазақ Ұлттық университетінде бір профессор визиткасын берген, сонда «воумен найшнел трайнинг университи» делінген. Тренер үйретуші. Бізде тренинг деген кезде көп адам ол сөздің байыбына бармайды. Тренер үйретуші, педагог. Бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесі жеткіліксіз болғандықтан адамдар одан өзінің керегін ала алмай отыр. Иә, неге аудитория толып жатыр дейсіз, адамдар қазір альтернативті білім көздерін іздеуде. Мысалы тренинг дегеніміз бұл альтернативті білім беру жүйесі. Қазақта тренинг көп болып кетті ме, аз болып кетті ме дегенде жалпы мынадай бір нәрсе бар. Қайшылық қайдан пайда болып жатыр? Қазақ орыстың отарына түскеннен кейін білімді бағалауды доғарды. Қазақтың бәрінде ақыл сатылатын бұрын. Мысалы, бай мен бала келе жатыпты, ақыл сатамын аласың ба? депті деп басталатын ертегілер өте көп. Сонда қазақтың өзі айтады: «Ақылың жетпесе, ақыл сатып ал» дейді. Ал енді Абайдың заманында ақылды тегін берсе, алмайтын заман келді. Ол халықтың деңгейінің төмен түсіп кеткенін білдіреді. Тіпті Абай айтады ғой «Қазақтың деңгейінің төмендегені сондай, ұялмас ақы тілеуге», - дейді. Тыңдағаны үшін ақы тілейтін қазақ пайда бола бастады, - дейді. Қараңыз, бұрын қазақ ақыл сатқан, одан кейін тегін қабылдайтын кезең болған, ол да енді біршама жақсы кезең ,әйтеуір ақылыңды тыңдайды. Қазақтың руханияты тіпті төмендегенде ешқандай руханият қажет етпейтін адамдар, ақыл айтсаң міндетсіп: ей, мен сенің ақылыңды тыңдап тұрмын ғой, соған ақы бер дейтін деңгейге жетті, - дейді ғой. Тәуелсіздік алғаннан кейін сол бұрынғы қазақтың өзінің ежелгі ақылы ол сатулы болуы керек. Неге? Өйткені қазақ айтады: «Тегін нәрсенің қадірі болмайды», - дейді. Осы оңтүстікте естідім мен, Шымкентте бір құдалыққа барғанда құдаша айтты: «Сатып алған сарғалдақтың сабағы бал татиды», - деді (күлді).

Сондықтан тренинг не үшін ақылы болу керек, тренингке келген адам өзінің

нәпсі барьерінен өтіп, соны жеңіп рухани азық алуға дайын тұрады. **Ақша төлеу дегеніміз, нәпсісін жеңу деген сөз. Өйткені нәпсісі күшті адам тренингке келмейді. Құрысыншы, ол жерге барып біреудің бірдеңесін тыңдағанша, ресторанға барып тамаққа тойып алайын немесе бір көйлек сатып алайын, - дейді.** Өз ақылым өзіме, керек емес, дейді. Сонымен ол ақы дегеніміз адамның нәпсі барьерінен өтуінің алғы шарты. Мысалы Шамиль Аляутдиновтен сұрайды



ғой неге сіздің тренингтеріңіз ақылы? - деп. Сонда ол айтады: «Кешіріңіз, сіз Түркияға бару үшін дайындаласыз, ақша жинайсыз. Ал енді мынау тренингке келу үшін де адам дайындалуы керек», - дейді. Ақша жинап, бірдеңеден үнемдеп, сонда дайын болсаң анау білім сіңеді», - дейді.

САРАСӨЗ: Қазір қоғам екіге жарылды. Тренингке баратындар, бармайтындар және барғандарды сынайтындар. Жалпы Ресейде, басқа да елдерде семинар-тренингке жылына екі рет қатысу қалыпты жағдай. Біз неге шошып жатырмыз?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Американың екі жүз елуден аса штаты бар. Ғалымдар зерттеген екен, тренингті белсенді өткізетін штаттар тез дамып кетіпті. Тренингке немқұрайлы қарайтын штаттар дамымай қалған екен. Сонда тренинг деген - адамның қозғалысқа түсуі. Біреуді үйретіп, біреуді қинап әкелудің қажеті жоқ тренингке. Өйткені Мәшһүр айтады: «Өмір өзі үйретпеген жаманды, үйретем деп әуре болма» дейді. Ол тренингке ізденістегі адам келеді, өмірден соққы жеген, қиналған, адасқан, бір сұрақтардың шешімін таба алмай жүрген адамдар келу керек. Талаптанған адамдар келеді. Талапсыз адамға түкке керегі жоқ ол тренингке келудің. Өйткені Абай айтады ғой: «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез», - дейді. Іздегенге сұраған, іздеген адам ғана келу керек тренингке. Сонда мынау ақы төлеу - сенің бойыңдағы немқұрайлылықты, нәпсіңді, бойкүйездікті жеңудің параметрі.

САРАСӨЗ: Форматы, ақысы әртүрлі бола берсін дейсіз ғой...

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Бола берсін. Адам әртүрлі, өзінің шамасына қарай барады ол тренингке. Ал шын мәнінде бұл инвестиция ғой. Әрі беріден соң сол тренингке жұмсалған ақша, ертең саған еселеп қайтады. Өйткені қазақ айтады: «Ал мәнісін білмеген бер мәнісін білмейді», - дейді. «Берсең аласың, ексең орасың». Ал біз нәпсінің жетегіндегі біраз бөлігіміз тек қана ала бергіміз келеді. Олай болмайды, бірінші алу үшін беру керек. Әйтпесе «алма піс, аузыма түс» деп жатуға болады, жатқанға жан жуымайды. Өзі сол тренингке бармайтын, кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыммен жарлы болайын деп жүргендер ертең - олар сүрініп қабынып жұрттың артында қалған кезде, маңдайлары тасқа тиген кезде өздері келеді тренингке. Бірақ маңдайына тимеген, әлі қадіріне жетпеген адамды сүйретіп әкелудің ешқандай қажеті жоқ. Неге? Өйткені олар дайын емес. Қазақ айтады: «Сүйреп салған тазы түлкі алмайды», - дейді. Мысалы сіздерді ешкім зорлаған жоқ, өздеріңіз бардыңыздар. Неге? Өйткені сіздер өзіңіздің нәпсіңізді жеңіп, зона комфортадан шығып, рухани сапарға шықтыңыздар.

САРАСӨЗ: Рухани сапар деп қазақша атау қойсақ та болады екен, иә?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Болады, болады рухани сапар деуге. Енді көрдіңіз бе, мысалы бизнес үйретететін жерлерге рухани сапар, - деп айта алмайсың. Маған келеді. Менікі дәріс, рухани дәріс қой. Жан, адамның жанын тірілтуді үйрету.

САРАСӨЗ: Алғашқы сұраққа қайта оралсақ, «Жақсы» сөзінің қоғамға енуіне бір кітап пен семинар аздық етпей ме?


ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Мысалы харекеттің енуі үшін бір кітаптың шығуы жеткілікті болды. Мысалы харекет деген кітап шықты, идея тарай бастады. «Айтуға оңай» «Харекет» болып өзгерді, Харекет деген қор құрылды қазір. Халық жаппай бұрын «Айтуға оңай»

деп қарап тұратын адам, өзіңнің сөзіңді тосып, өз бидайыңды өзіңе қуырып беріп тұратын адам қазір харекет ет деп айтатын болды. Үлкен жетістік бұл. Харекет етпей, Алладан берекет жоқ екенін түсінді. Енді жақсы сөзі не үшін керек дегенде, жақсы болу да өзіңнен, жаман болу да өзіңнен. Яғни, элитный өмір сүру үшін жақсы ой ойлау керек, элитный ой ойлау керек, жақсы элитный сөз айту керек және жақсы іс істеу керек. Жақсылық деген не, жақсының өмірі - ол жақсылық. Жақсының қасында ғана жақсылық жүреді. Ал жаманның қасында жамандық жүреді. Жақсы болудың пайдасы қандай? - дегенде жақсы адам, элитный адам ешқашан ешкімді кінәламайды. Қазақ айтады: «жақсы ісінен көреді, жаман кісіден көреді», - дейді. Сонда жақсы деген кім? Өзінің нәпсісін жеңген адам. Нәпсісін жеңе алмаған, сол өзінің атаққұмарлығын, өзінің мансапқұмарлығын жеңе алмаған адам жаман болып кетеді. Бірақ енді бұл жерде мынадай бір мәселе бар. Жаман жақсы болып кете ме, кетпей ме деген кезде, мысалы, біздің қазақта мынадай көзқарас айтады. **Адамның жақсы болуы, жаман болуы неден? деген кезде «ол туысынан», - дейді.** Бұл сөз неге айтылып отыр? Баланы жақсы қылып туу керек, «есекті баптағанмен ат болмайды, жаманды мақтағанмен жақсы болмайды», - деген.

САРАСӨЗ: Енді қайттік?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Мысалы адам туа бітті жаман болса, сен оны қанша тәрбиеле болмайды. Өйткені қазақ айтады: «Қара қойдың терісін сабындап жусаң ағармайды» дейді. Мәшһүр Жүсіптің бір сөзі бар, қатты айтады ол кісі: «Өлі тірілді дегенге сен, жаман жақсы болды дегенге сенбе», - дейді. Өлі тірілмейді ғой мысалы. «Тау қозғалды дегенге сен, әдет қалды дегенге сенбе», - деп қазақ айтады. Яғни бұл жерде бір-ақ жол бар, жақсы мен жаманды неге айыруымыз керек болды, халықтың сапасын көтеру үшін керек болды. Өйткені жақсы мен жаманды айыра алмайтын адам сапасыз өмір сүреді. Халық та сапасыз өмір сүреді. Себебі **халықтың сапасын арттыратын жамандар емес, халықтың сапасын анықтайтын Жақсылар. Олар ат төбеліндей ғана.** Олар өзі көп болмайды, аз болады. Олар сүттің бетіндегі қаймағы, қаймақ аз болады ғой, сүт көп болады. Сорпаның бетіндегі майы дейді. Бірақ оларды сыпырып алсаң тобыр қалады. Жақсы деген - ол мемлекеттің тактикасы мен стратегиясы, элитасы. Элитасыз ел болмайды. Неге біз бұл әңгімелерді айтамыз? Адам егер өзі жақсы болуға ұмтылса, жақсы болады. Мысалы, өзі жақсы, жақсыдан туған, бірақ өз-өзін дамытпаған адамдар болады. Білім, өнер арқылы өзін дамытып жақсыға айналса, кейіннен Алла қаласа ол жақсыдан жақсы балалар туады. Жақсы болу да өзіңе байланысты, жаман болу да өзіңе байланысты. Адамға Алла тағала екі жол ұсынып отыр: «Мына жолмен жүрсең жақсы боласың, мына жолмен жүрсең жаман боласың», - дейді.

САРАСӨЗ: Тренингтердің аншлагпен өтіп жатқанына қарап, қоғамға қандай баға



беруге болады?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Қоғам ізденіс үстінде. Даму үстінде. Өйткені Шәкәрім айтады: «Қозғалмаған нәрсе көшпейді, көшпеген нәрсе өспейді», - дейді. Біздің жанымыз қазір ізденіс үстінде. Тәннің айтқанына көніп, өзінің сызып қойған шеңберінде жүре берсе, жан ешқашан дамымайтынын түсінді. Қазақтың жаны өзіне өзі жасап алған «комфортная зонадан» шығуға талпыныс жасап жатыр.

САРАСӨЗ: Сөзіңіз аузыңызда, бүгін тренингте әйелдер туралы көп дүние айттыңыз. «Жақсы» кітабының ішінде де «Қазақ қоғамындағы әйелдің кешегісі, бүгінгісі, ертеңі», - деп керемет айтылған екен. Мысалы жақсы ойлайтын білімді келіншектер - «қатындар» сіздің тіліңізбен айтқанда, үлкен істермен айналысып жүр. Жалпы мен сияқты белсенді әйелдер қоғамға керек пе? Сіздің тренингтегі әңгімеңізден кейін мен, осы істерімнің бәрін қойып, үйде отырайын ба? деп те ойланып қалдым...

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Сіздің негізгі міндетіңіз дүниеге ұрпақ әкелу және сапалы

ұрпақ әкелу. «Жаманның барынан да жоғы жақсы», - дейді. Сапалы ұрпақ әкелуіңіз керек, сол сапалы ұрпақты жақсы қылып тәрбиелеу Сіздің қолыңызда. Сіз, мысалы, жұрттың бәріне уағыз айтып, өзіңіздің балаңыз қараусыз, тәрбиесіз болып өссе, онда сіздің еңбегіңіздің еш кеткені. Сонда негізінен әйел адамның ең негізгі жұмысы дүниеге дұрыс ұрпақ әкеліп, соны жақсы қылып тәрбиелеу. Әйел адам завод сияқты...

САРАСӨЗ: Әйел өзі оқымаса, ізденбесе қайдан жақсы бала тәрбиелей алады?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Сол баланы тәрбиелеу үшін іздену керек. Әйелдік жанын сақтап қалу, иманын сақтап қалу білім ғой ол? Ақылын сақтап қалу, онан кейін малды көбейту. Ол үшін экономикалық білім болу керек әйелде. **Еркектің тапқан малын екі ету керек. Ол тек қана әйелдің қолынан келеді.** «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», - дейді. Бала тапқаннан кейін дейді, Мағжан айтады: мысалы: **«Қазақтың әйелдері баланы туады да, бесікке бөлеп, қыдырып өсек айтып кетеді», - дейді. «Содан баланың аузына шыбын тышады, бала іші кетіп өледі»,- дейді.** Сосын қазақтың надан әйелі: «не істейін енді, құдай өзі берді өзі алды» дейді. Немесе қазір надан әйелдер ұйықтап жатып баласын таптап өлтіріп алып жатыр. Көрдіңіз бе, баланы дүниеге әкелгеннен кейін оны өсіріп, бағып, адам қатарына қосу үшін де үлкен білім керек екен. Педагогикалық, дәрігерлік, психологиялық, сан-салалық, соның бәрін меңгеру керек әйел. Сіз қазір кітап жазарсыз. Ал кітап деген немене ол? Сен тірі адамды дүниеге әкеліп жатырсың, ол шығармашылықтың шыңы. Сапалы бала туып, тәрбиелеген ана ол ең құрметті, ең пайдалы, ең зор іс істеп жатқан адамдар. Оның ісі президенттің ісінен де артық, түсінесіз бе? Өйткені президентті де дүниеге әкелетін ана ғой. Ғабит Мүсірепов айтады: «Ең жаман деген әйелдің қолынан дүниеге адам әкелу келеді», - дейді. Ең супер еркек бұны істей алмайды. Содан ол: мен жұмыс істеймін дейді, сонда не бала туу жұмыс емес пе? Жұмыстың көкесі ғой - ол. Бала тәрбиелеу - жұмыс емес пе? Ерін күту - жұмыс емес пе? Үлкен жұмыс негізі. Өйткені қазақ айтады: «Босанған әйелдің бір аяғы көрде, бір аяғы төрде», - дейді. Қиналыстың шегіне жетеді. Босанған әйел неге әулиелік деңгейге жетеді? Өйткені өлім аузына барып келеді екен. Сонда қазақ айтады екен **«Тыныштықтың қадірін толғатып, бала тапқан әйел біледі», - дейді. Тыныштықтың қадірін еркек білмейді екен...** «Өмірдің қадірін өліп, көрде жатқан біледі» дейді. Біз өмірдің қадірін білмейміз. Ал әйелге Алла тағала өмірдің қадірін, тыныштықтың қадірін білетіндей мүмкіндік жасап қойған.

Әйел өзінің белсенділігін басқа тарапта таныту керек. **Әйелдер дұрыс ұлдарды өсіре алмай жатыр. Негізгі міндетін атқармай жатыр. Қазір қазақ қызын неге оқытады, өйткені қазақ болашақ күйеу баласына сенбейді.** «Бірдене болып қалса», - дейді, не деген сөз ол? Тастап кетсе, ажырасып кетсе, сол үшін оқытады түсінесіз бе? Өз күнін өзі көреді. - дейді. Сенім болу керек. Мысалы, Сіз, қызыңызды ана болуға тәрбиелеуіңіз керек. Мал табуға емес, мал табу - еркектің ісі. Ал еркек «әйелімді асырау менің қасиетті парызым», - деп түсінуі керек. Оны құлағына құятын ана, өйткені бала кімді жақсы көреді, соған ұқсап кетеді. Әкесі мың жерден жақсы болсын, шешесі құрттап отырса құрттап отырған шешесіне ұқсап кетеді. Өйткені ананың махаббаты төсінен, әкенің махаббаты кіндіктен төмен ғана, - дейді. Сонда мен өзім ойлаймын: сіз сияқты ақылды әйелдер нағыз тұлға болатын ерлерді тәрбиелеу керек қой. Өйткені, Ер Жәнібек бар ғой, соның шешесі айтады екен: «Балам, оқ артыңнан тимесін, жалғыз арманым» деп. «Оқ артыңнан тимесін, қашпа!» деп тұр, сонда қазақтың әйелі батыр болып тұр ғой, көрдіңіз бе? Сол батыр анадан ғана Керей Жәнібек туып тұр. Ал **біздің анамыз не дейді? «Үйде отыр, өлесің шықпа», - дейді. «Үйде отыр, амандығың керек маған», - дейді, сондай анадан қандай жақсы бала туады? Бойкүйез, үйкүшік, ертең қатынының каблугының астына түсетін бала қылып тәрбиелеп жатырсыз.** Ал егер анасы мысалы: «Әкең біледі, әкең біліп қоймасын, әкең шешеді», - деп ұстап отырса еркекті, бала ертең қатынына күші жететін болып өседі. Өйткені «көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді», - дейді.

САРАСӨЗ: Түркістанға рухани сапарыңыз ұнады ма? Киелі шаһардан Мағжан айтқан жастарды көре алдыңыз ба?

ОМАР ЖӘЛЕЛҰЛЫ: Түркістанға менің көңілім толып отыр. Белсенді жастарды көріп «Түркістанның жастарына сенуге болады екен», - деп отырмын. Жанып тұр бәрі, ұлы да, қызы да. Қойған сұрақтарының өзі кісіні ойлантпай қоймайды. Сауатты сұрақ ілімнің жартысы екенін ұмытпайық.

Түркістанның гүлденуіне әманда тілектеспін!

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

САҒЫНЫШ ХАТ






Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтан қалған жалғыз тұяқ Әнелдің тағдыры оңай болмады. Нәзірдің «халық жауы» атанып, түрмеге жабылуы қаршадай қыздың жүрегіне ауыр соққы болды.

Мәскеудегі Лубянка түрмесі Нәзірдің өмірінің соңғы тұрағына айналды. Осы түрмеде қазақтың арда ұлы соңғы сапарға аттанды. Әке өлімі жас қыз Әнел жүрегін ерте жаралайды. Осындай жағдайда әке өлімінен ауыр соққы көрген қаршадай қыз мойымай өмірмен күресе білді. Бойжеткен Әнел оқу іздеп, жоғары білім алып, қайнаған тіршілікке араласты. Әйтсе де жас Әнелдің әкеге деген сағынышы басылмады.

Күндердің бір күнінде Әнел Түркістанда әкесінің атына берілген мектеп бар екендігін естиді. Осы мектеп ұжымымен таныстық орнатып, қарым-қатынаста бола бастады. Екі тарап та бір-біріне хат жазысып, хат берісіп байланыста болады. Өмірінің соңына дейін Нәзірқызы Әнел мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынасты үзбеді. Бұл ретте марқұм Ыбырай қажы Исмайыл еңбегін де естен шығармаған абзал.



Түркістан қаласындағы Нәзір Төреқұлов мектебі Нәзірқызы Әнелден Түркістан шаһарына келуін талай өтініп хат жолдады. Алайда бұл кездер 77 жастағы Әнелді ауру меңдеп, төсек тартып жатқан кезі еді. Дегенмен қарт ана мектеп басшылығына Мәскеуден хат жолдады. Орыс тілінде жазылған хаттың мәтінінде Әнел мектеп ұжымының Түркістан қаласына шақырғанына ризашылығын білдіреді. Әрі қарай ол жауап хатта өзінің әкесінің және ата-бабаларының мекеніне,


Нәзір Төреқұлов атындағы мектеп ұжымы мен оқушыларына.

Қымбатты балалар!

Сіздердің маған көңіл бөліп іздегендеріңізге өте қуаныштымын. Хаттарыңызды оқып әкелді бағалап құрметтегендеріңіз үшін шексіз бақытты және риза болдым.

Нәзір Төреқұловтың өмірі мен творчествосын үйрену жолындағы ынта жігерлеріңізге үлкен алғыс білдіремін. Сондай-ақ маған шақыру қағазын жолдағандарыңыз үшін рахмет. Егер менің денсаулығым көтерсе қуана – қуана барамын едім. Өкінішке орай жасым 11 де, ауыр науқас жолдемін, әрекеттенуге қуатым жоқ. Сіздердің әңгімелеріңізден туыстарымның келгені маған күш қуат болды, әкем тараынан өте көп жақын туыстарым бар екендігі мені қуантады. Бұл тура– лы білмегенмін, арманда та көрмеген екенмін. Мен өзімді мұсылман деп есептеселде өкінішке орай қазақ тілін білмейтінмін. Себебі, мен Москвада туып өстім, 12 жасымда әкемнен жетім қалдым, ана тілімді үйренуге мүмкіндік болмады, бүкіл саналы өмірім Москвада өтті. Сол себепті хатымды сіздерге орыс тілінде жаздым.

Сіздердің ұжымдарыңызды еңбекте, оқуда жаңа табыстарыңыз бен құттықтаймын, барлықтарыңызға мықты денсаулық ұзақ ғұмыр тілеймін. Денсаулығым мүмкіндік берсе сіздерге барып әкемнің өмірі, жұмысы туралы әңгімелеп беруге үде етемін.

Сонымен бірге өтініштеріңізді орындап, қор қорағасы арқылы құжаттарын жібердім.

Сіздерге ізгі ниеттермен Әнел НӘЗІРҚЫЗЫ.

Түркістанға деген сағынышын, егер ауруы асқынып, меңдемегенде сөзсіз баратынын өкінішпен жеткізеді. Кейуана мектеп ұжымынан кешірім сұрап, өкінішін білдіреді. 77 жасына қараған шағында мәңгілікке сапар шегеді. Қарт ананың сүйегін Нәзірдің туып өскен өлкесі Түркістанға жеткізуді қолға алған Ыбырай қажы азаматтық жасап, денесін киелі Түркістан топырағының ыстық құшағына тапсырады.

Өкініштісі сол, өмірінің соңына дейін әкесін аңсаумен өткен Әнелдің әке атамекенін көру, бару маңдайына жазылмады.

Түркістанда Нәзір Төреқұлов музейі бар. Осы музейде кезінде Нәзір Төреқұлов мектебінің ұжымымен тығыз байланыста болған Нәзірдің қызы Әнелдің өмірінің соңында Мәскеуден жолдаған соңғы хаты экспонат ретінде көрініс тапқан. Музейге келетін әрбір оқушы осы экспонатты көріп, сондағы Әнелдің мектеп ұжымына жазған соңғы хатын оқып, ерекше әсерге бөленеді.



Әбдірахман ҚЫДЫРБЕК,
Түркістан қаласы

Дидар Амантай

ПРОЛОГ



Тегінде, Зигмунд Фрейдтің шәкірті, Карл Юнг пен Альфред Адлердің үзеңгілес жолдасы Виктор Эмиль Франкл, көп ізденістерден соң, түптің түбінде, өз мектебін қалыптастырды.

Бірақ, өмір бойы еңбектерінде, адамның терең құпиясын ашып, күрделі жұмбақ сырын шешуде, орасан зор рөл атқарған, біте қайнасқан қос данышпан құрған жүйе қағидаттарымен айтысып өтті.

Фрейд пен Адлер – бүгінгі күні тарихтың таңғажайып қаһармандары, дегдар ұстаз Франкл болса, әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Психоанализ ілімі ләззатқұмарлықты ауытқушылықтың кешенді негізі сана-са, жеке тұлғалық психология, әдетте, мәртебе иеленіп, дәрежеге талпынған ұмтылысты зерттеп-зерделеудің объектісі тұрғысында қарастырады. Соңғысын туа біткен үштаған инстинктердің бірі – жетекші қағидатына (көбею, өзін-өзі сақтау немесе өмірге құштарлықпен қатар) жатқызады.

Қазір тіл меңгеру қарым-қабілеті мен метафизикалық мағынаға деген құштарлықты да инстинкт дәрежесіне көтеріп жүр. Сонда классикалық үш тұғырлы таныс топ санатына тағы туа біткен екі қасиет қосылады.

Демек, пенде адам бойындағы терең рухани әлем, тумысынан ғұмырына мән жүктеп, мағына артып, мұрат көрген, құндылықтар қалыптастыруға талпынған ниет, зады, мәнге деген құмарлық деп аталады.

Бұл адам табиғатына, ақыл-ойына, сана-сезіміне ғана тән құбылыс. Мақұлықта сырт дүние мен ішкі жаратылысты метафизикалық тұрғыда танитын рухани әлем жоқ. Бірақ, психотерапия аталған ниетті төл танымында жүйке дертіне айналдырып жібереді, сөйтіп, мән-мағына табамын деген метафизикалық көзқарас, асыл ниет сырқаттың әлсіздігі бола қалады.

Алдына келген пациенттің рухани кеңістігінен бейхабар терапевт дәрігер оның ұлы ұғым-түсініктер туралы ойларын,

кешіп жүрген психологиялық күйін дерт шалған белгі, науқасты қинаған симптомдар тұрғысында көреді.

Веналық Бірінші және Екінші мектеп тәжірибесінен кейін, Франкл Үшінші мектептің іргетасын қалады.

Логотерапия сөзін Франкл жас кезінде, жиырмасыншы жылдары айналымға енгізе бастады. Оны экзистенциалистік анализ сөзіне балама ретінде қолданды.

Ертеректе, логос сөзі "қолданбалы психотерапия" категориялық ұғымына синоним болды. Медикаментоздық және хирургиялық ем-домға альтернатива ретінде ұсынылды.

Франкл үшін бұл түсінік тек қана сөз емес, ойдың, идеяның, мағынаның нығыз квинтэссенциясы.

Ол көне гректер түсінген мағынада қабылдады. Көне гректер философиясында логос сөзді де, түсінікті де, ойды да, мағынаны да білдіреді. Гераклит, тұңғыш рет логосты зерттеп, мәңгілік әрі жалпыға бірдей қажеттілік, демек, тұрақты заңдылық санады.

Бұл түсінік сан өзгерді, адамзат тарихында түрлі интерпретацияны бастан кешті, бірақ, ақыр соңында логос дегеніміз болмыстың терең, тұрақты, басты құрылымы, жалпылама заңдылықтар жиынтығы, ғаламзат іргетасы, тәртіп пен үйлесімділіктің өзгермейтін қалыбы, бүкіл әлемдік парасат, тәңірлік құдырет, Құдай мен жаратылыс арасындағы дәнекер деп танылды.

Отызыншы жылдардың соңына қарай, жарық көрген көптеген мақалаларында Франкл логотерапия мен экзистенциалистік анализ туралы ілімін толық пысықтап, жаңа мектеп қалыптастырады.

1928 жылы Франкл Вена қаласында Жастарға кеңес беру орталығын ашады. Орталықты 1938 жылға дейін басқарады. 1930-1938 жылдар аралығында Нейропсихиатриялық Университет клиникасында қызмет жасайды.

Ол, сонымен қатар, қарама-қайшы интенция емдеу тәсілін ойлап табады, психотерапиялық инверсиондық метод, пациентті билеген үрейді күшейте отырып қарсы жақтан шипа жасау.

1933 жылы Франкл "жұмыссыздық неврозын" тоқтату саласындағы ізденістерінде қомақты табыстарға қол жеткізеді.

Австрия Германия құрамына енгенде, мүмкіндігі бола тұра, ол АҚШ-қа қоныс аудармайды, туған-туысын ойлайды, концлагерьге түскенде, кездейсоқта кездескен бұрынғы пациенті, тізім жасаушы гестапошы оны көріп, хаттап жатқан құжатынан өшіріп тастайды.

Бірақ, Освенцим, Дахау ажал абақтысына қамалады. Бірге туған ағайыны (анасы, әйелі, екі қарындасы) тегіс концлагерлерде қаза табады.

Ол жұртты сауықтыру мақсатында іздеп тапқан ем-домын тозақ ішінде жүргенде, адам төзгісіз бейнет кешкенде, өзіне қолданады. Нәтижесінде, азапта қорытындыларын сынап, мағыналық ілімін іс жүзінде дәлелдеп шығады. Бірақ, бұл табыстары аса қымбатқа түскен еді.

Өмірден күдер үзбей, мұратына қол созған әрекетінен мағына көрген жұрт тұтқында, кез келген қиындықта, мехнатқа шыдап, ажал аузынан тірі шығады, оларды азаттыққа алдағы сол бостан күндерге деген үміт жетелейді, ал үміт, өз кезегінде, іс-әрекетінен мағына тапқанда ғана қолдайтын, қорғайтын, сүйрейтін күшке айналды.

"Не үшінге" жауап тапқан адам кез келген "Қалайға" да жол табады (Ницше).

Күрестен мағына көрмеген концлагерь тұтқындары, сүйенетін тірегінен айырылғанда, әлсіздіктен, құсадан, дерттен өле бастайды.

Бастан кешкен бейнет, азапты жылдар туралы ол "Концлагерьдегі психолог" атты кітап жазды. Әуелі кітап тозақта жүргенде, қиялында ойша құрастырылды, бостандыққа шыққан соң, қағазға түсірілді.

1959 жылы шығармалары ағылшын тіліне аударылып, жетекші елдерде жарық көре бастады, таралымы екі жарым млн данаға жетті.

Қырқыншы жылдардың соңына қарай баспалардан бірнеше кітаптары, яғни "Дәрігер мен жан", "Психотераия мен экзистенциализм", "Мәнге деген құштарлық", "Уақыт және жауапкершілік», "Беймәлім сана Тәңірі", "Қолданбалы психотерапия" атты туындылар бірінен соң бірі басылып шықты.

Ол 1946 жылы Вена неврологиялық ауруханасы директорлығына тағайындалды, университеттерде дәріс оқыды, 1949 жылы философия докторы атанды, 1950 жылы Австрияның психотерапевтер қоғамын басқарды.

1960-шы жылдары Франкл дүние

жүзіне танымал болды. Логотерапия өмірінің мағынасын жоғалтқан жұртты емдейтін әдіс-тәсілге айналды. Әдетте, қоғамдағы, жеке ғұмырындағы әділетсіздіктер, қиыншылықтар, ар-ұяттан безгендер іс-әрекеті, кісіліктің жоғалуы тұлғаны тығырыққа тірейді.

Әр уақыттың өз психотерапиясы бар, деп жазды Франкл.

Ол жауапкершілікке арқа сүйеген философияны "қасіретті оптимизм" атады. Оптимизм – адам қарым-қабілетіне деген сенімділік, қасіреттілігі – көп жағдайда зұлымдық үстемдік құрып, тіпті, кейбір ситуацияда жақсылықтан гөрі әлдеқайда құндырақ көрінуі мүмкін.

Бойымыздағы періштені тұншықтырсақ, ол Ібіліске айналады, деп ескертті ойшыл.

Франкл қалыптастырған "логотерапия" мен "экзистенциалистік анализ" – табиғат және адам мәнін философиялық, психологиялық және медициналық тұрғыдан зерделеген көзқарас. Франкл үштаған теория қалыптастырады: "Мәнге деген құштарлық ілімі", "Ғұмыр мәні туралы ілім", "Еркіндік еркі туралы ілім".

"Мәнді өмір сүруге деген құштарлықты" Франкл туабітті қасиет санайды. Ғұмырдың мәні табылған соң, ендігі кезекте адам сол мәнге сенуі тиіс. Сенгенде ғана мәннің мәні болады. Тіпті, өзіне-өзі қол жұмсаушы, деп ой түйеді Франкл, ғұмырдың болмаса да, өлімнің мағынасына сенеді.

Мағынасын жоғалтқан адам "экзистенциалистік вакуум" деген құсаға ұшырайды. Аталмыш вакуум көптеген "ноогенді неврозды" тудырады. Егер мағына іздеген адам объективті дүниеден мағынаны таппаса, вакуумға ұшырайды.

"Ғұмыр мәні туралы ілім" мағынаның бар адамға қолжетімді екенін негіздейді. Ол, тіпті, жынысына, жасына, өресіне, біліміне, мінез-құлқына, ортасына, қала берді, діни наным-сеніміне қарамайды, деген постулат енгізеді.

Ол әмбебап құндылық-мағыналық түсінікті құрылымдық тұрғыдан тұрақтандырады: бірінші, , «шығармашылық» арқылы (мағына түзу немесе дүниеге беру), екінші, күй кешу арқылы («переживание» немесе дүниеден алу), үшінші, «қарым-қатынас құру» арқылы тағдырымызға берік болу.

Шығармашылық, тегінде, еңбектің арқасында ғана жүзеге асады, еңбек әрекет ретінде емес, ол мағынаға айналады, қоғамға қосқан үлес саналады.

Франкл күй кешудің ішінде махаббатты алға шығарады. Ол – үлкен құндылық тудырушы. Рухани биіктіктегі қарым-қатынас. Басқаның даралығын, қайталанбастығын бақыт көру.

Үшінші қарым-қатынас құндылығына келсек, бұл – күрделірек мәселе, кез келген жағдайда біз қалыптасқан жағдайды өзгерте алмасақ та, бұл жағдайға аса терең мән беріп, мазмұнға толтыруымыз керек.

Мағынасыз өмір жоқ, дейді ұстаз, адам қаракеті ешқашан, ешбір жағдайда мағынасыз болмайды. Мағына соңғы деміңіз біткенше, дәм-тұзыңыз таусылғанша көкірегіңізде тұрады.

Шынында, мағынаны табу бір басқа, сонымен қатар, оны жүзеге асыру бар.

Адам өз өмірі, мағынасы алдында жауапты.

Бірінші бөлім

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ КӨПШІЛІК (ТОБЫР)

Меніңше, көп ("большинство", "много") ұғымына көпшілік ("масса", "тобыр") термині тең емес.

Кезінде Ортега-и-Гассет ("Көпшіліктің көтерілісі" немесе орысша нұсқасында "Восстание масс") пен Элиас Канетти ("Көпшілік пен билік" немесе орысша нұсқасында "Масса и власть") философиялық-публицистикалық шығармаларынан көрініс тапты, жалпы XX ғасырда сәуегейлік жасап, болашақты болжаған абыз тұлғалардың еңбектерінде бұл жаңа ұғым жан-жақты қарастырылды, талқыланды, пысықталды, ақыр соңында, культурологиялық мән-мағынасына, демек, мазмұнына ие болды. Көпшілік тобыр түсінігіне туыс, жедеқабыл терминге айналды, көп ұғымына табиғатын анықтаған оқшау, бөлек мәртебе берілді.

Көпшілік туралы философиялық ізденістер терминнің күрделене бастағанын аңғартты, бірте-бірте пәнаралық категориялар құрамына енді, терминді бұқараландырған ақпараттық технологиялар құралдары еді.

Философия да бұқараланды. Көпшілік нұсқада – жұпыны мән тапты.

Қазір, тегі, философия, қарыштап да-

мып келе жатқан масс медиа арқасында, қоғамның назарына, көптің көзіне түсті. Ақпараттық технология, сосын, оны көпшіліктің қолжетімді ақпар-мәліметі, әдепкі информация дәрежесі, шағын хабар деңгейіне дейін төмендетті. Мәртебесі түскен, күрделі сипатынан айырылған философия біртіндеп бұқара игілігіне айналды.



Сөйтіп, философия кітапханалар табалдырықтарынан аттап, көшеге шықты, даңғылдарға құйылды, бульварларды аралады, аулалар, бақтар, аллеяларды адақтап, ғимараттарға, үйлерге кірді.

Жүйелі ғылыми-академиялық бірсарынды дәрістердің орнын табанды мотивациялық және эмоциялық лекциялар басты.

Категориялар метаморфозаға ұшырады. Пәлсапалық түсініктер бастапқы мәнінен айырылды, кенет халықтық сипат алды. Бірте-бірте категориялар екінші бейнесіне, жаңа мазмұнға ие болды. Демек, философия өзгерді. Өзгерістер – өңделген, бейімделген, түрленген категориялар қызметінің жемісі, нәтижесі еді.

Бұл өзгерістер, парадокс, философияға деген қызығушылықты оятып, шаңға көміліп жатқан мәтіндерді оқуды жандандырды, кітап саудасын арттырды, құрып бара жатқан модерндік институттар қайта қалпына келтірілді, ажалы қайтып, бойына қан жүгірді, қазаға ұшырағандар тіріле бастады: әдебиет, пәлсапа, тарих, ғылым, таным, өнер, мәдениет. Себебі, БАҚ жансыз қалайы қасықты да елге танымал ете алатын күшке ие болды, күнде таңертең белгілі бір тұрақты мезгілде көрермен аудиториясына көрсетілетін қасық бір айдан соң аймақтағы ең танымал қасыққа айналды, қоғам дамуын өндіріс емес, жылдан жылға кемелденіп келе жатқан жоғары технологиялы ақпарат құралдары деңгейі арқылы өлшеді.

Екінші бөлім

КӨШІРМЕ

Масс медиа ойшылдықты көпшілік кеңістігіне шығарды. Ой түсінікті болуы үшін кешенді жүйелер, тұжырымдамалар, ұғым-түсініктер оңтайландырылды. Күрделілік күрт өзгерді, қымбат дүние таралымы көбейген сайын арзандай түсті, ертеде дана, әсілі, дара еді, әрі дара, әдетте, түпнұсқа болатын, сөйтіп, фотоаппараттан байқалған бұқаралық тосын сипат көпшілік құбылысын тудырды. Қараның сипаты дараның қасиетіне айналды. Көп дауыстың ішіндегі оқшау дауыс бөлек үнінен айырылды.

Көпшілік мәдениетінде түпнұсқалық жойылды. Көшірме тегін (сойын) іздегенде тегін (құнсыз) көшірмеге нұсқады. Коннотация үстемдік құрды, жалған образдар көбейді, шынайыны көрсеткен, шынға бағыт сілтеп, ақиқатқа қарсы жүрген денотация мұратынан адасты. Мәдениет, дәлірек айтқанда, өзі емес, ол тура-

лы түсінік дағдарысқа ұшырады. Бұрын қиындықтан, күрделі құрылымнан қанағат табатын, рақат көретін, бақыт іздейтін ақыл-ой, сана-сезім, демек, талғам, дүниетаным өзгерді. Қазір, керісінше, қиындықтар оңайландырылады, жұрт күрделі нәрсені қабылдамайды, ойшылдықты кем санайды, артық көреді. Ойсыз қоғам пайда болды.

Карл Маркстің сөзімен қисындасақ, бұрын дүниені түсіндіріп келген философия енді белсенді іс-әрекетке көшті, өмір сүріп жатқан әлемін өзгерте бастады. Іс-әрекет бейбіт философияны ақырындап қарулы идеологияға айналдырды.

Көпшілік – кез келген ақпаратты немесе ойды сыни көзқарассыз қабылдайтын сана. Ортасына кірсеңіз, қара құрдым тәрізді қара жиын Сізді құшағына дөңгелетіп құлатып, жұтып қояды, бойына сіңіріп алады, Сіз көпшіліктің (масса) бір бөлшегіне айналасыз, сөйтіп, көпшіліктің Сізді меңгерген қасиеттері ендігі кезек Сіздің өзіңізді басқаруға көшеді. Көпшілік – өсуге құмар құбылыс, төңірегін шеңберлеп бойына тартып тұрады. Ықпалына түскенді ырықсыз жібермейді. Көптің, тегінде, көпшілік статусына ұмтылатын ғадеті бар. Көптік – көпшілікше ойлайтын дағды.

Көпшілік мәдениеті фотоаппараттың үздіксіз фото түсіре алатын қабілетінен туды. Түпнұсқа жоқ, бірақ, көшірмелері көп.

Әдетте, көшірмеде түпнұсқалық аура болмайды, ол – жансыз. Жансыз дүние қашанда – суық. Өнердің күші – жылылығында. Өлімді түсінбейтігінде (Осип Мандельштам). Суық хабарды қабылдамайтығында.

Үшінші бөлім

ЛОГОТЕРАПИЯ

Қазір мінбелер босады. Бос тұрған мінбелерге таласа түрлі ілімдер ағылды. Бірі – шын жүйелер, бірі – жалған тұжырымдамалар. Қалыптасқан көпшілік мәдениеті кез келген "оң – теріс" немесе "дұрыс – бұрыс" ойдың дәні түскен құнарлы топырағына айналды.

Мен Виктор Франклдың "Мән іздеген адам" атты кітабымен тоқсан екінші жылы таныстым. Бұл кітаптың шын ізбасарлары елімізде жиырма бес жылдан кейін қалыптаса бастаған екен.

Бірнеше онтологиялық, экзистенциялық, аксиологиялық тақырыптарды қамтыған жаңа туындылар қазақ өмірі, халық таным-түсінігі, ұлт санасы, салт-дәстүрі, жөн-жоралғы пәлсапасы туралы төңірегінде әңгіме өрбітеді.

Логотерапия табыстарын зерделеген, ойшыл Санжар Керімбай бастаған талантты топтың «Отбасылық хрестоматиялар» жинағына енетін «Махаббат мәні» атты кітабын қолыма қалам алып отырып мұқият оқып шықтым.

Қызық дүние.

Даулы уәжі көп дүние.

Тіпті, кездесе қалса, Виктор Франклдың өзіне де қоятын сауалдар табылар еді.

Демек, бірнеше мәселелер туындайды.

Сосын, авторлардың австриялық философты қаншалықты қазаққа таныстыра алғандығы да үлкен әңгіме.

Үркердей топтың атқарған еңбегі зор. Қазаққа қажет жазбалар екені рас.

Философиясы (мәнге деген құмарлық немесе құштарлық) мен қолданбалы психотерапиялық әдіс-тәсілі (логотерапия: эрос-логос-этос немесе соматика-психика-ноология) арасындағы байланысты қазақ топырағына түсіргенде қалыптасқан «тән-жан-рух» кешенді концепциясы «жыныстық құмарлық-романтикалық сезім-шынайы махаббат» үштаған тұжырымдамасына үйлесе ме, «шығармашылық» (мағына түзу немесе дүниеге беру), күй кешу «переживание» немесе дүниеден алу), «қарым-қатынас құру» құндылықтарына сәйкестене ме.

Бір қарағанда, кейбір (көп емес) терминдердің орынды қолданылғанына күмән бар, десек те, талпыныс құптарлық.

а) жақпын

Авторлар Франкл пысықтаған логотерапия ілімін жүйелі күйінде қазақ өміріне, бүгінгі тыныс-тіршілігіне қондырады. Ілім, шынымен де, логотерапияны басқа дін, діл, сана аясында емдік шарт түрінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жоғарыда үштаған теория туралы жазған едік ("Мәнге деген құштарлық ілімі", "Ұмыр мәні туралы ілім", "Еркіндік еркі туралы ілім").

"Мәнді өмір сүруге деген құштарлықты" Франкл туабітті қасиет санайды. Ұмырдың

мәні табылған соң, ендігі кезекте адам сол мәнге сенуі тиіс. Демек, сенгенде ғана мәннің мәні болады. Тіпті, өзіне-өзі қол жұмсаушы, деп ой түйеді Франкл, ұмырдың болмаса да, өлімнің мағынасына сенеді, дедік.

At first, "Ұмыр мәні туралы ілім" мағынаның бар адамға қолжетімді екенін негіздейді. Ол, тіпті, жынысына, жасына, өресіне, біліміне, мінез-құлқына, ортасына, қала берді, діни наным-сеніміне қарамайды, деген постулат енгізеді. Бұл – аса маңызды шарт. Басты қағиданың бірі. Есте сақтайтын қорытынды.

At second, сосын, ол – ендігі кезекте, әмбебап мағыналық түсінікті құндылық дәрежесіне көтереді. Демек, мағынаның өзі үшке бөлінеді. Мағына құндылыққа айналады.

Әлқисса, қашанда зейін қойып оқитын шарт: бұл – маңызы зор – градация немесе дифференциация: бірінші, «шығармашылық» арқылы (мағына түзу немесе дүниеге беру), екінші, күй кешу арқылы («переживание» немесе дүниеден алу), үшінші, «қалыптасқан қарым-қатынас» арқылы өзгерте алмайтын тағдырымызға берік болу.

At first & at second, яғни бірінен бірі туындайтын қос ереже, демек, шығармашылық философиялық топқа логотерапия жүйесін алаштандыруға жол ашады.

At third. Мағынасын жоғалтқан адам "экзистенциалистік вакуум" деген құсаға ұшырайды. Аталмыш вакуум көптеген "ноогенді неврозды" қоздырады. Егер мағына іздеген адам объективті дүниеден мағынаны таппаса, вакуумға ұшырайды.

At fourth, мағынасыз өмір жоқ.

At fifth, сондықтан, мағынаны ойлап таппайды, іздейді.

At sixth, мағынаны тапқан соң, оған сену қажет. Себебі, адам бойында мағынаға деген құштарлық бар: бұл Виктор Франкл философиясының да, логотерапиясының да фундаменті.

Тағы бір мәселе. Санжар Керімбай тобы ұлттық проблеманы айту үшін жеке адамның тәжірибесіне сүйенеді. Халық абстракциядан гөрі нақтылықты жақсы көреді, жақсы көретін себебі – тез түсінеді. Бірақ, нарратив философия мен логотерапия жүйесі шеңберінде өрбиді: логотерапия жүйесі – ұлт мәселесі – жеке тәжірибе жолы.

Авторлар, қайткен күнде де, құнды еңбекті арзандатуға тырыспаған, яғни, көптің жетегіне ермей, керісінше, көпті жетектеген. Күрделі философияны этикалық тұрғыдан түсіндіргенде, жеңіл жол, оңай табыс іздемегені анық көрінеді.

Жазу барысында келтірілген мысалдар, негізінен, қазаққа таныс, түсінікті, айқын нәрселер, жағдайлар, сөз орамдары.

b) қарсымын

Авторлық топ, жалпы, тақырыптық категориялар жүйесін жеткілікті меңгерген, талқы кезінде, жазу барысында еш қиындықсыз қолданып, кез келген салалық ой-түйінді дөңгелетіп әкетіп отырады. Десек те, кейбір термин өз орнын таппай тұрғандай көрінді .

"Осыған дейін адамзат өркениетін жалғап келе жатқан ұрпақ өндірісі сонда мәнсіз, мағынасыз бола ма?". (5 бет)

"Владимир Маяковский мен Сергей Есенин", меніңше, сәтті мысал емес, онда Маяковскийше, Есенинше қалам тартқан қазақ ақындарын не істейміз? Екі шайырдың қозғаған тақырыптары, жазу мәнері кітапта айтылатын арсыздықтарға аса сонша келіңкіремейді. (16 бет)

Шынайы махаббатқа байланысты: сүйген ару мен сүйген сезімнен туған құндылықтар қалыптастыру талпынысы екеуі бір-бірінен автономды, оқшау өмір сүре алмайды, сүйген адам дүниеге және ұмырға ғашық жардың, сүйген көңілдің көзімен қарай бастайды, бәріне жақсылық жасағысы келіп тұрады, ол ұлы туындылар тудырмауы мүмкін, өшпес ерлік жасамауы да мүмкін, тіпті, ешқандай құндылықтар сомдамауы да мүмкін, алайда оның жүрегінде, көкірегінде ғашығына деген ешкімге айта қоймайтын махаббат жатуы мүмкін. (54 бет)

"Көкірегі құндылыққа толған индивидтер сан түрлі өнерімен дараланып шығады". (131 бет). Құдай өнер бермегендер – не істейді? Адалдығы, сертке беріктігі ше?

Сосын, индивид пен тұлға (личность) ұғымы бір-біріне тең емес, арасында айырмашылық бар. Адам туғанда – индивид, қалыптасқанда – тұлға. Индивид – адамзат нәсіліне жататындығын білдіретін философиялық категория. Яғни, бүгін

жануар мен жәндіктен айырмашылығы жоқ тірі организм, бірақ, ертең адам болатын қарым-қасиеттері бар жан иесі дегенді меңзейтін сөз. Сондықтан, априори индивидтің көкірегі бос, ал құндылық толғанда ол тұлғаға айналады.

"Маркстің идеясынан қателікті байқады" (62 бет). Жалпы, Маркстің идеясында қателік жоқ, қателестірген Владимир Ульянов-Ленин. Социализмді жеке бір елде орнатуға болады деп жұртты адастырған Ильич. Карл Маркс – алапат ойшыл. Ол қоғам дами келе социализмге жетеді деген пікірді ұстанды. Қоғам дамуын бес формацияға бөліп, даму өлшемі ретінде өндіріс құралдарын (кемелденуін) ұсынуы – өте ғажап идея.

с) таным түрлері

Кітаптың алғашқы тарауларының бірінде авторлар логотерапия ілімін ғылымға теңейді: "Адамның осындай аяныштыахуалы логотерапия ғылымында ЭКЗИСТЕНЦИЯ ВАКУУМЫ деген терминмен бекітілген" (12 бет).

Бұл тұжырым көптеген сұрақтар туындатады: көзқарас дегеніміз не, ілім дегеніміз не, ғылым дегеніміз не?

Адамзат баласы өз тарихында, дүниені түсіндірудің үш жолын қалыптастырды: діни, гуманитарлық және ғылыми, әдетте, бұл үштаған дүүниетанымды көзқарастар деп те атайды.

1) Ғылыми таным методы үш этаптан тұрады: болжам (құбылыстың себептері туралы), гипотеза (құбылыстың және оның қасиеттерін бірін қалдырмай түсіндіретін жалпы принциптің тууы), теория (көп гипотезаның ішінен бірінің тәжірибе жүзінде бірнеше мәрте дәлелденуі), соңғысы – логиканың индукция және дедукция әдісіне құрылған, танымның үшінші сатысында тұрақтанған ғылыми білім.

2) Гуманитарлық (философиялық) таным ғылыми дәйектер емес, толық білім ретінде қалыптаса қоймаған категориялық түсініктермен жұмыс істейді. Ілім де сол, ғылыми негізі тұрақтанбаған, постулаттары шындық деп жарияланған постулаттар, түсініктер жүйесі. Ғылыми теориядан ерекшелігі – ілім ешқашан, дағдарысқа ұшыраған кезінің өзінде де, сахнадан кетпейді, тіпті, қағидалары қайшылыққа түсіп жатса да, ілім мәлімделген принциптерінен бас тартпайды, бас тартқаны – өліммен тең, сондықтан ілім дамымайды, қашанда тұрақты болады.

2) Діни көзқарасты түсіндірудің қажеті жоқ сияқты.

Бұл – әлемде қалыптасқан тәртіп: танымды осылай жіктейді.

Сондықтан, Виктор Франкл философиясы – ғылым емес, ілім, жедеқабыл гуманитарлық таным, тіпті, автордың өзі: "Әр дәуірдің өз психотерапиясы бар", – дегені логотерапияның әлеуметтік-философиялық көзқарас, дүниетаным негізіндегі ем-дом жүйесі екендігін білдіреді.

ЭПИЛОГ

Әрине, ұлттық мүдде шеңберінде, қазақ тілінде атқарылып жатқан кез келген еңбек мақтан-мадақ, сый-сияпат, қадір-құрметке лайық. Жас ұлттың мұраты көп болады. Көне халықтардан құралған қазақ елі жаңашылдыққа құштар, ескіге сергек, білімге деген қызығушылығы орасан, десек те, түсіріліп жатқан мәтіндер сапалы, кітаптар мәнді болғаны аса маңызды мәселе.

Біз талқыға салған кітап – жақсылардың қатарынан, қажет дүние, тілі бай, құнарлы, жатық, ойлары тез, ұшқыр, әдеби сауаты, пәлсапалық дайындығы бар қаламнан туғандығы айқын көрінеді.

Қолға алған тақырыптары да – қат нәрсе. Қазаққа қазір бәрі керек, алаш жұрты ұлы мұраттар жолында жасампаз ғұмыр кешіп келеді.

Сын қашанда сұқбаттастыққа құрылып, жеке мүдде емес, ұлт мақсатына қызмет етуі тиіс.

21-27.11.2018

ТАЛҚЫ

Әңгіме туралы әңгіме



Жақында ғалым Бақыт Әбжеттің «Бекеннің мақсаты» деп аталатын түңғыш әңгімесі қолыма тиді. Алғашқы абзацтан-ақ кейіпкер психологиясына құрылған шығарма екені байқалады. Әңгімеге өзек болған оқиға да шағын сюжетке құрылған. Көркемдік уақыт тұрғысынан бір күндік оқиға болғанымен, шегініс арқылы өткенге қайта оралып баяндалатын тізбекті композициялы шығармалардың қатарынан. Шығарма экспозициясында автор кейіпкерінің тәп-тәуір кеңсе қызметкері екенін өз ортасында сыпайы көрінгісі келетін жігіт туралы сипаттаудан бастайды. Бекен образы М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ақанның портретіне ұқсас. М.Әуезовтің «Қалтай, Ақанның түнгі жүрісіне өте ыңғайлы жігіт» деп, қос мінездеу тәсілін қолданғанындай, Бекеннің де үнемі көлкілдеп тұратын көздері, күнделікті жұмыста өз бастығы Сержанмен әңгімесі де «сұйық» жүрісті жігіттердің қатарынан екенін аңғартады. Сондай-ақ, Бекеннің жұмыс кабинетіне кірген кезде столға қоя салатын сөмкесі, кейін басшының кабинетінен шығып бара жатқанда сөмкесінің аузы ашық қалуы, шығарма сюжетін шиеленістіретіндей көрінеді. Алайда, автор шығарма оқиғасын мүлдем жаңа оқиғамен байланыстырған. Үш айбұрынәлеуметтікжеліарқылы танысқан Сәулемен бүгінгі кездесуге дайындығы - Бекеннің гиперрефлекциялық қасиетін айқындай түседі. Өзі сөйлесіп жүрген бойжеткендердің психологиялық көңіл күйіне барынша ден қойып, оларды өзіне қарату жолында барын аямайды. Бірде ақын, бірде балгер, бірде қайырымды жан бола қалуы - қолға түсіргелі тұрған қыздарға қолданатын үйреншікті әдісі. Сәулемен

таныстығы да әдеттегі хат жазудан басталып, соңы махаббатқа ұласқан хикая сынды. Бірақ Бекеннің Сәулемен кезігу үшін жоспарды өзі құрып, уақытша бір түнге пәтер жалдап, бәрін өз есебіне орайластыруы оның бойында гиперинтенциялық мінезді байқатады. Өз қалауы мен тілегін қанағаттандыруға шамадан тыс көңіл бөліп, барынша тырысып бағады. Сәулеге дейінгі қыздармен кездесуі де осылай басталатын. Сәулемен Бекеннің бетпе-бет жолығуы, сюжеттік шиеленіс болмаса да тартысқа жетелейді. Әсіресе, Сәулені алғаш көргенде «үстіне ақ куртка киген, басында ақ құндыз тымағы бар, ернін шиедей қып бояған, үлкен көздерінің үсті көкпеңбек, орта бойлы ақсары қыз тұр екен. Бекен аңтарылған күйі қызға тесіле қарады да, ойын жинақтай алмай, аузы ашылған күйі тұрып қалды. Қыздың бет-әлпеті суреттегі қызға келгенімен көз астына түскен кілегей әжімдерінен оның қиялындағы қыз еместігін түсінді», - дейтін автор баяндауынан кейін, оқырманның Бекеннің жағдайына алаңдайтыны анық. Кейіпкердің алғашқы кездесуі мен тілдесулерінен бір-біріне деген көзқарастары байқалады:

– Сәлем, Сәулесіз бе? - деді таңданған кейпі.

Қыз да жігіттің ішкі ойын оқып үлгерді,

– Немене, суреттегі қызға ұқсамаймын ба? - деді салқын ғана.

Жігіт сөзден тосылып қалғанмен, бойын тез жиып алды. Ішінен: «е, кезекті құрбандығым екенсін ғой», деген ой түйді де, өзінің үйреншікті тәсіліне қарай көшті, - дейтін диалогы шығарма шешімінен хабар береді. Одан кейінгі баяндалатын екеуінің бақтағы серуені, арадағы әлсіз қалжыңдары, кафедегі бір-біріне құрмет танытып, Бекеннің қайта-қайта шарап ұсынумен болуы, шарапқа қызған кезде ортада жастарға қосылып билеуі, одан кейін Сәулені пәтерге ертіп келуі, оқиға соңының Бекен құрған «жоспармен» аяқталатынын білуге болады.

Автор шығарма сюжетін ширата түсу үшін келесі кейіпкердің мінезіне ауысады. Пәтерге келгеннен кейін Сәуленің образы айқындала түседі. Өткені есіне түсіп, өзінің 3-курста ғашықтардай қол ұстасып жүрген жігітінің ауылына кетіп, басқа қызбен бас қосқанын естігенде төбесінен жай түскендей күй кешуі, одан кейінгі өмірінің мүлдем басқа арнаға бұрылғаны ретроспекция арқылы баяндалады. Шығармадағы Бекен мен Сәуле диалогынан жастары отыздан асып, көкейлерінде: «отбасы құрар жан болса екен», - дегенімен, екеуінің де «өмір көрген» әккі мінездері психологиялық шиеленіс тудырады. Кездескен сәттен бастап Сәуленің басын айналдырар Бекеннің жасанды жылы сөздері жоспары жүзеге асқанша ғана «қызмет етіп», таңертең мүлдем басқа адамға айналып, шынайы бет бейнесі ашылады. «Таң атқанда көзінің асты қалталанып, әжімдері қалыңдай бастаған Бекен қыздың көзіне алпысты алқымдаған шал секілді елестейді. Араққа бөккен Бекен жартылай жалаңаш күйі тәлтіректеп келіп, орнынан тұрмақ болған Сәулені құшақтап алды. Арақтың күлімсі, жағымсыз иісінен жиіркенген қыз бұлқынып қалғанда, жігіт сырғып барып еденге гүрс етіп құлады...», - дейтін жолдар екеуінің болашақ жоспарларының күйреуіндей еді. Араққа бөккен Бекенмен отбасы құрмақ тұрмақ, жанында қалуға болмайтыны өз алдына, Бекеннің « ...сендейлердің талайын көргенбіз» деген оқты сөзі өңменінен өткен Сәуле, бар ақылын араққа жеңдірген мұндайлармен өмір сүргенше тұрмыс құрмай жалғыз өткенімнің өзі артық дейтін шешімге келеді. Екеудің есепті кездесуі тең ата екі айырылады. Пәтер иесінің «тұр-тұрлаған» оятуынан тәлтіректеп жүріп, жұмысқа барған болатын. Күні бойы есеңгіреп жұмыста отыра алмасын біліп, бастығынан сұранып, қайтып бара жатқан беті. Автобуста отырып, түнде сөмкесін ашып ішінен арақ алғаннан соң сөмкесін жабуды ұмытып кеткені еске түсіп, «Біржаннан да ұят болды-ау, бәріне өзім кінәлі екенмін ғой» деп мойындауы – өз қателігін біле тұра өз қалауы мен тілегін қанағаттандыруға шамадан тыс көңіл бөлетін гиперинтенциялық бейнені танытқан.

Кез-келген туындыға жан бітіретін кейіпкер бейнесі десек, автор шығармасының басты нысаны - кейіпкер образын ашу. Прозаға кеш келсе де бүгінгі күннің проблемасына айналған жастардың психологиялық әлсіздігін өз әңгімесімен білдіргісі келген жазушыға сәттілік тілейміз!

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу
институтының қызметкері

ТӘРБИЕ КӨЗІ – АТАЛАР СӨЗІ



Тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс екендігі белгілі. Адам баласы тал бесіктен жер бесікке кеткенше өзін-өзі тәрбиелеумен, қателігін түзетумен өтетіні анық. Адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерді қалыптастыруда ата-ананың ғана рөлі бар десек, қателесеміз. Себебі бала тәрбиесінде қоршаған орта да әсер ететіні сөзсіз.

Қазіргі кезеңдегі жастар өте тамаша, жаңалыққа жандары құмар, әрі білуге, әрі білімді болуға ұмтылып тұрады. Техника тілін де тез меңгереді әрі көп тілде еркін көсіле біледі. Оның үстіне дәл қазір темекі тартатынын, ішімдікке әуес бала санаулы. Бұрынғы совет заманымен салыстыратын болсақ, ол кезде той ішімдіксіз өтпейтін. Жауырды жаба тоқып, өз-өзімізді алдамауымыз қажет. Себебі бүгінде дастарқандарын адалдап, арам ассыз той жасап жүргендер өте көп. Таза бояуы жоғалмаған қазақ баласы біздің күнгейде жетерлік. Алайда барлығы бірдей керемет деп айта алмаймыз. Ол әр адамның өзіне байланысты. «Жақсыдан жаман туар – көрер көзге алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз» деген бар емес пе?! Бұл сияқты жақсы мен жаман туралы мақал-мәтелдер бұрыннан бар. Себебі алдыңғы буынның кейінгі буынға көңілі толмауы - заңдылық. Ақ пен қара, түн мен күн сияқты қарама-қайшылықтар барда, мұндай әңгіме болатыны даусыз.

Адам өзін танып болған ба? Ертеде аталарымыз айтқандай: «Жаман адамның да жақсылығы болады, жақсының да бір адамға жамандығы тиеді» деп. Сондықтан бір адамға ұнаған қырыңның екінші бір адамға зияны болуы мүмкін. Болашақтан жақсы үміт күтіп, құндылықтарымызды сақтайтын, ата-ана сөзін пір тұтатын болашақ тәрбиелесек болғаны да.

Қазіргі жастардың рухани байлығын, азығын салыстыруға мүлдем болмайды! Себебі қазіргі заманда жастар жалқаулау, оны мойындау керек. Мұның себебі де бар сияқты. Мәселен, кітап оқып өскен бала мен компьютер ойнап өскен баланың айырмашылығы жер мен көктей. Адамдар бала тәрбиесімен айналысудың орнына пұл табумен, байлық жинап, дүниенің құлы болып кеткен. Сол себепті бар байлығымыз - бала, білім - таусылмайтын байлық, ал берілген дұрыс тәрбие - көз қуанышымыз екенін ұмытпауымыз керек. Бұл үшін ең қажетті нәрсе ата-бабаларымыздан қалған нақыл сөздер мен аңыз әңгімелер. Бұрынғы жастар – қазіргі кәрілер, қазіргі жастар – ертеңгі кәрілер екенін ұмытпасақ болды, бәрі өзі-ақ орнына келеді. Ел-жұртымыз бар жерде құндылықтарымыз, қазақи тәрбиеміз жоғалмайды деп сенейік. Қалғанының барлығы жүре түзеледі, уақыт өзі емші...

Мөлдір ҚҰЛНИЯЗОВА,
Нұрлан ХОДЖАЕВ

ТАНЫМАЛ ӘННІҢ ТАРИХЫ

Бекжігіт СЕРДӘЛІ, композитор:

«БҰЛ ӘН ПОЙЫЗДА ТУЫП ЕДІ...»





Бұл – алғашқы әнім. Студенттік кезеңде туды. Бір күні табан астынан курстас дос Құлтөлеу үйленетін болды. Той – Ақадырда. Шәкіртақы таусылып, қалтаның түбі қағылған кез, көк тиын да қалмаған. «Не болса да, көрейік»! – деген тәуекелшіл көңілмен бүкіл топ Темкеңнің (деканымыз Темірбек Қожакеевтің) көзіне түспей, аудиториядан абайлап қана шығып, «Қарағанды, қайдасың?» – деп тартып кеттік.

Содан қызы бар, ұлы бар, бас-аяғы 12 адам алты билетпен жолға шықтық (ақшаның жеткені осылай болды). Билеті жоқ алтауымыз «қоянбыз». Көзге түспей, әр вагонда қашып-пысып, уақыт өткізіп жүрміз. Әр билетке екі адамнан жармасып жүрген құлығымызды жолсерігі құрғырдың жүрегі сезетін сияқты, бірақ жол бойы қанша санаса да, билетсіз адамдардың санына жете алмай-ақ қойды...

Содан не керек, пойыз жүйткіп келеді. Студенттер көңілді. Той өтетін мекен – Ақадырға жақындаған сайын жігіттерді той сценарийі мазалап, ал қыздарды жас жұбайларға қандай сый тартпағы ойлантып, ұнжырғамыз түсе бастады. Қалтада тиын жоқ. «Құлтөлеудің тойына қандай сыйлық апарамыз?». Барлығын мазалаған жалғыз сұрақ - осы. Қапелімде сыйлық болуға жарайтын ештеңе табыла қоймады. Мына жағдай көппен бірге менің де жаныма қатты батты. Үйленген Құлтөлеу де, оған тұрмысқа шыққан Райхан да өзіміздің курстасымыз.

Ал, қиналмай көр!

...Түн. Жүрдек пойыз жүйткіп келеді. Студенттер ұйқыда. Ұйқым келетін емес. Қыздардың манағы: «оу, жігіттер, тойға не сый алып барамыз?» - деген сұрағы құлағымнан шыңылдап кетер емес. Стол үстінде жол бойы дастарханға айналған «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш») қиындысы жатыр. Қиындыда – фото-этюд. Астында екі шумақ өлең. Авторы көрсетілмеген. «Суретті түсірген Р.Ханалиев» деген жазу ғана бар.

Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.

Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды: жанымды ұғыншы, деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалындық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Газет бетіндегі суретте бейнеленген бозбала мен бойжеткеннің сезімдерін дәл көрсетіп, дөп басқан мына жыр жолдарын қайта-қайта оқымау мүмкін емес еді. Ал, пойыз вальс ырғағындай тербетіле зымырап келеді. Доңғалақ дүрсілімен ыңылдап едім, жарасымды бір әуен пайда болды. Келе-келе әнге айналды. Жастар вальсіне ұқсайды. «Лениншіл жастың» бетіндегі әлгі екі шумақты домбырама салып, айтып көріп едім, әп-әдемі ән туа кетті. «Жас жұбайлар», деп ат қойдым.

Таңертең тойға асығып, көңілдері алабұртып келе жатқан курстастарыма: «мынау бір жерден есіткен әнім еді», - деп, тыңдатып көріп едім, бәріне ұнады. Қайырмасы да жараса кетті.

Сендерге әрдайым орын бар –
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз, мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар!

Осылайша, дүниеге «Жас жұбайлар» атты жаңа ән келді. Оны сәлден соң бүкіл вагон, ал, Ақадырда, Құлтөлеудің үйлену тойында бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін ол



жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды.

Тыңдаушының да тыңдаушысы бар ғой. «Ой, бауырым, әнің ән-ақ екен, бірақ сөзін кім жазған?» деп қадала сұрап қоймайтындар да табылды. Расында да, пойыз үстінде ән тууына себепкер болған қос шумақ кімдікі екен? Өлең авторын сұрастырып көріп едім, тұщымды жауап таба алмадым. «Лениншіл жастың» редакциясына да барып сұрадық. Олардан да ешкім білмеді. «Суреттің астыңғы жағында қалған бос орынға жазыла салған шумақ қой», - десті ондағылар күліп. Сөйтіп, топ болып «Жас жұбайлар» әнінің мәтінін жазған ақынды іздеу басталды.

ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақханаға бірде «Лениншіл жастың» жігіттері кездесуге шақырылды. Болашақтың журналистері мен осы шақтың журналистері бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасып, сырласып, мәре-сәре болып жатырмыз. Кеш аяқтала бергенде журфактың студенттері қонақтарға арнап ән айтатын әдет бар. Сол баяғы

«Жас жұбайларды» заулаттық. Ән аяқтала бергенде «Лениншіл жастың» сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан қарғып тұрып: «Бұл мен ғой! Менің өлеңім ғой!» деп айғай салды. «Жас жұбайлардың» қос авторы, арада екі жыл өткенде, осылай табысқан едік. Бұл 1983 жылдың көктемі еді...

Арада жиырма жылдай уақыт өтіп кеткен. «Айқын» газетінің сол тұстағы тілшісі Ханшайым Байдәулет хабарласып: «Бір әннің тарихы» айдарын ашқандарын, сонда осы әннің тарихы туралы мақала әзірленіп жатқанын, Өтеген ағамен, Құлтөлеумен сұхбаттасып қойғанын, енді менімен әңгімелесіп алмаққа телефон шалып тұрғанын жеткізді. Сол жолы сөз арасында тілшіден өзім көп уақыт жоғалтып алған Өтеген ағаның телефон нөмірін сұрадым. Хабарластым. Өтеген аға ұмытпаған екен, бірден Астанаға қонаққа шақырды. Ақ Үйде жұмыс істейді екен. Елбасы резиденциясын аралатып, серуендетті. Қоштасар сәтте: «Ән жазып жүрмісің? Мына бір өлеңді көрші», - деп қолыма бір бет қағазын ұстатты. Астана туралы өлең екен. Көп ұзамай, «Астанам – байтақ ән», - деген жаңа ән туды. Бұл Өтеген ағаның өлеңіне жазған екінші әнім еді. Келесі жылы-ақ бұл әнім «Елім менің» патриоттық әндер байқауында 1-ші орынға ие болды.

2005 жыл. Түркістан қаласының әкімі Мұхит Әлиев ықшамаудандағы көп қабатты үйлерге шағын қазандықтар орнатпақ мақсатта келісім-шарт жасасу үшін Қытайға іс-сапарлай барады. Өзара келісім-шарттарға ойдағыдай қол қойылып, көңіл көтеріліп, кешқұрым сондағы қазақ кәсіпкерлері киелі қаладан келген қонақтарды арнайы дастархан жайып күтеді. Дастархан басында мәдени қызмет көрсетіп жатқан жергілікті өнерпаздар, авторы белгісіз «Жас жұбайлар» әнін шырқайды. Осы тұста әнді қосыла шырқаған Қытайдағы Ерболат деген белді кәсіпкерлердің бірі Мұхит Әлиевке: «Осы әннің авторы Қазақстанда болуы мүмкін, іздестіріп көре аласыз ба?» деп қолқа салады. Мұхаң бұл аманатты дереу қойын кітапшасына түртіп алады. Елге келген соң түрлі шаруамен естен шығарып алған екен, арада алты ай өткенде қойын кітапшасын ақтара отырып, әлгі аманатқа көзі түседі. Дереу орынбасары Жанболатты шақырып алып, жағдайды түсіндіреді де, ән авторын іздестіруін өтінеді. Орынбасары: «Мұха, оның авторы осы қалада ғой...» деп күмілжиді. Таң қалған әкім орнынан тұрып: «Қалайша? Мүмкін емес! Тез алдыма алып кел»! - деп бұйырады.

Дәрісханада сабақ беріп жатқам, есікті біреу қағып тұр. Әкім орынбасары! «Сені қала әкімі шақырып жатыр, тез жету керек» дейді. Бұрын-соңды әкім іздемеген, «мені қайтпек»? - деймін іштей. Алып барды. Мұхаң кабинетінде екен. Іштегі адамдардың барлығын шығарып жіберіп, құшағына қысып: «Бүкіл қазақ даласы әнін шырқап жүрген азамат осы жігіт пе»? - деп, арқамнан қақты.

Кабинеттегі телефонын бірден Қытайға, әлгі мені іздеген кәсіпкер қандасқа қосты. Ерболатпен жарты сағаттай сөйлестік. Қытайға, жеке концертімді ұйымдастыруға шақырды. Барамын, - деген уәдемді алды.

Әкімге рахметімді айтып, қоштасып, есіктен шыға бергенімде: «Тұра тұр! – деп белгі берді. – Атағың, марапатың бар ма?» – деп сұрады. «Жоқ», - дедім. Расымен атақ-даңқ мені іздемейтін. Орынбасарына қарап: «Қаламыздың намысын көтеріп Қытайға бара жатыр. Сахнадан кім деп хабарлайды? Бұл – бізге сын. Қала күніне «Құрметті азамат» атағына дайындаңдар»! - деп тапсырма берді.

Міне, осылайша күтпеген жерден Түркістанның құрметті азаматы болып шыға келдім.

Бір өкініштісі, Қытайдағы мені күткен, менің әндерімді сүйіп тыңдайтын қандас бауырларыма әлі жете алмай жүрмін. Қол қысқа ма, жол қысқа ма, білмеймін...

Жазып алған Қуаныш САБЫРҰЛЫ
Тараз қаласы

ОНЛАЙН ОЙЛАР



Инстаграм феномені

1.Инста – миллиондаған адамдарға жаңа әдеттер қалыптастырады. Иә, әдемі тағам көргенде көпшіліктің ауыз қуысында сілекей сұйықтығы емес, миында «суретке түсіру» деген ой бөлінетін болды. Инстаграмм адамдарға алдымен ләззат алуды емес, соны көрсетуге ұмтылуды үйреткендей. Адамдарға мұншалықты қатты әсер еткен әлеуметтік желі әзірге жоқ-ау.

2.Қалай екені белгісіз, бірақ қолданыста аса оңтайлы деуге де келмейтін осы желі ең танымал блогплатформаға айналып үлгерді. Ойлап қараңыз, пікірлерді оқу, табу ыңғайсыз, жазба ұзақтығы шектеулі, парақшада «іздеу» қызметі жоқ. Соған қарамастан, халық жаппай бас қойған желі болды бұл.

3.Аз уақыт ішінде инстаграмм ең көп ақша айналдыратын сауда алаңына айналды. Әр тауарға белсенді сілтеме қалдыру мүмкіндігі жоқ болса да, бірнеше сурет қою мүмкіндігі жақында ғана пайда болса да, инстаграмм – әлемдегі ең үлкен сауда орталығы деуге болады.

4.Инстаграмм феноменінің себебі жұмбақ болып қала беретін сияқты. Тіпті өзім де күнделікті бірнеше сағат уақытымды неге осында өткізетініме мардымды жауап бере алмайды екенмін... Әлде, кейде жақындардан ести алмайтын құрмет-қолдауды, қошеметті виртуалды-таныстардан алып, рахатқа бөленеміз бе? Мүмкін реалда айта алмайтын артық ақылымызды осында төгіп, жанымыз тыныштық табатын шығармыз? Бір сөзбен, эгомыз қанағаттанатыны анық болып тұр ғой.

Сіз жауап беріп көріңізші, Инстаграмға не үшін кіресіз?

@insta_kampit

Эротикалық материализм

Логотерапия ілімінде эротикалық материализм деп- қызғанышты айтады. Әжелеріміз «қызғаныш деген қызыл ит қой, ауру ғой, ауру», - деп отыратын. Осыдан көп жыл бұрын ауылдағы бір ағамыздың «Ой, біздің қазақтың ата-бабалары керемет мықты болған ғой, өйткен де бүйткен, менің атам әйеліне жан баласының көзін түсірмейтін, сәл қиыс кеткенін байқаса шашынан орап, атпен сүйреп тұрып сабайтын», - деп соғып отырғанын естіген едім. Сонда денем түршігіп: «оның неменесіне тамсанып, қай жерін ерлікке балап мақтанып отыр», - деп өзін де, әлгі бабасын да жақтырмай қалғам. Қызғанышты ең алдымен адамның ішкі әлемінің ҚАРАҢҒЫЛЫҒЫ деуге болады. Іші қуыс адамның жүрегі қарайғыш келетінін Шәкәрім, Абай аталарымыз әдемілеп айтып кеткен ғой. Жүрегі қарайған адамның ішіне құндылықтың орнына кір жинала береді. Ол кір ұлғайған сайын пенденің ізгілікке деген жолы жабыла береді, сосын ол барлық келеңсіздіктерге айналасын кінәлайтын әдет қалыптастырады. Ол ашу-ыза туғызады. Оның алғашқы дәмін әдеттегідей ғашығы көреді. Санасы таяз ер де, әйел де өзінің сүйгенін заттандырып, жеке меншігі ретінде қабылдап алады. «Сен тек менікісің, маған ғана арналғансың», - деген ноологикалық қабаттан шығуы керек ғашықтық сөзді соматикалық пен психофизикалық қабатпен қабылдап, соның нәтижесінде РЕДУКЦИОНИЗМГЕ бой алдырып алады. Ал адам еркін әрі азат болмыс. Оны қалыпта ұстау тіпті мүмкін емес. Осыны түсінген екінші жұп әлгіндей шектеулер шектен шыққан кезде бұлқынып, көнгісі келмегенін білдіре бастайды. Оны байқаған екінші тарап, қолдағы затынан айрылып қалу қаупін сезгендей болады да, бойындағы ҚЫЗҒАНЫШҚА ерік береді. Ал ол агрессия туғызады. Агрессия жануарларда ғана болатын нәрсе. Сонымен аңның деңгейіне түскен еркек немесе әйел (өте жаман қызғаншақ әйелдер де көп) адами қалыптан шығады да, айуани қалыпқа енеді. Бұндай күйге түскен пендеден қайдағы сезім, қайдағы махаббат күтуге болады??? Қызғаныш нәпсінің түрі болған соң адам баласының бойында ілкіден бар нәрсе. Бірақ, Құдай жер бетіндегі барлық тірі жандардың ішінде, адамға ғана, мінез-құлықты ақылға салып тежей алатын қасиет дарытқан. Оны керек жерінде пайдаланбау тағы да жануардың деңгейінде қалып қою деген сөз. Қысқасы логотерапияда айтылатын «эротикалық материализм» деген осындай мағынада айтылған. Қызғанып ғашығын сүйемін деу - ойнап отырған ойыншығын ешкімге бергісі келмеген баланың тірлігі. Ол жердегі МАХАББАТ сезімге емес, меншікке бағытталып кеткен. Сондықтан адам сүйгенінің сезімін шынайы қалыпта өзіне бағыттағысы келсе, белден төмен емес, баспен, жүрекпен ойланғаны лөзім. Өзінің күш қуатын от басы ошақ қасына емес, ҰЛЫ іске арнағаны, МӘН игеруге жұмсағаны дұрыс шығар деп ойлаймын.

@tolegenova.asylzat

Желідегі әлем

Иә, әркімнің желі ішінде өз «әлемі» бар. Былайғы өмірің басқалар секілді өте қарапайым, әрі тыныш болуы мүмкін. Ал желіде күнде «той», күнде «гүл сыйлаған өмір...» Ең қызығы, әлеуметтік желіге ешкім өзінің қайғырып отырған суретін салмайды. Желіде «ең, ең, ең» деген, әбден сұрыпталған , өңделген, артық жері күзеліп, кем жері түзелген видеолар мен фотолар жүреді.

«Әне, қарашы, аналар теңізде жүр екен», «Отбасымен шет елде демалып қайтыпты», «Мына қыздың беті тап-таза, бір мін жоқ», «оның өмірі рахат, үнемі сауда орталықтарында жүреді», «Осы қыз күніге тапсырыспен тамақ сатып алады...» Осы секілді ойлар бара-бара адамның өз тағдырына деген наразылығын туғызып, оның өз отбасына, жақындарына, айналасына деген сүйіспеншілігін кемітуі мүмкін. Біреудің желі ішіндегі өміріне қызықпаңыз. Оның да желіден бөлек мыңдаған проблемасы, бір басына жетіп артылатын қайғысы бар. Бүгін бар нәрсе ертең жоқ болуы мүмкін. Сондықтан қолда бар қазынамызды өз уақытында қадірлей білейік!

@zhuldyzdyn_zhazbasy



Қадіріңнен көз жазып, көз жасыңыз төгілген...

Мыңжан БАЙЖАНИН – қоғам қайраткері, жазушы, ақын, публицист. Сыр бойының Қаратаудың етегіндегі Құттықожа ауылында дүниеге келген. әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеттің «Журналистика» факультеті мен Тұрар Рысқұлов атындағы Басқару Академиясының «Қаржы және несие факультетін» бітірген. Еліміздің ең жоғарғы билік құрылымдарында қызмет атқарып, бірқатар кәсіпкерлік компаниялар мен бұқаралық ақпарат құралдарын басқарды.

НЕСІ ҚЫЗЫҚ?

Алтын белден
шықпасаң,
Бекзат нәмін ұқпасаң.
Күміс құрсақ жатпасаң,
Текті дәмін татпасаң.
Несі қызық өмірдің?..

Дүниені сырғанақ,
Оятпасаң іңгәләп.
Айқара ашып есігін,
Төгілмесе несібің.
Несі қызық өмірдің?..

Бауырында анаңның,
Шулатпасаң таң алдын.
Мейір-шуақ ембесең,
Нұр құймасаң елге сен.
Несі қызық өмірдің?

Қорғамасаң ұлтыңды,
Қолдамасаң жұртыңды.
Ұстанбасаң дініңді,
Құтқармасаң тіліңді.
Несі қызық өмірдің?..

Ішкеніңді ойласаң,
Дұшпаныңды жоймасаң.
Қызғанбасаң қосыңды,
Сағынбасаң досыңды.
Несі қызық өмірдің?..

Топырағыңды кешпесең,
Жапырағың өспесе.
Отауыңды түйресең,
Отаныңды сүймесең.
Несі қызық өмірдің?..

Күпіріңе былықсаң,
Шүкіріңді ұмытсаң.
Қарықтырсаң сәулені,
Тәрк қылсаң тәубені.
Несі қызық өмірдің?..

21 ақпан 2017 жыл.

ҚАҢҒЫБАС

«Кто шустрый и быстрый,
Метит – в министры.
А кто гордый с отвагой,
Станет – бродягой...»
Граф Дон Сезар де Базан.

«Досың қайда?» деп
сұрадың,
Қайтыс болған,
Барлығы.
Ағы менен қарасы да,
Аласы мен тарғылы.

Дос дегенің – сабын жуса,
Күс қолыңның,
кірі екен.
Бір-ақ күнде бәрі өлді,
Дұшпан-пиғыл тірі екен.

Кір жуылды,
қолым аппақ,
Жүрегім де тазарды.
Есіме алып елемедім,
«Досым», сенің «қазаңды».

Абай жәкем секілденіп,
«Қолымды кеш сермедім».
Жоқтығыңды, көлік қаққан
Күшік құрлы көрмедім.

Көбік мақтан, күпір сөзің,
Сақталмады есіме.
Қара мысық қаңғып кетсе,
Қапаланам несіне.

Харам,
ылас көз жасындай,
Ұшық қаптап, ұшындым.
Ақтап жүріп,
адал жеген,
Талқаныма тұшындым.

Аусар – ақты көре алмайды,

Ала көзін алартып.
Ақымақпен,
ас ішкеннен,
Қаңғыбастық көп артық!

Күмән қойған,
тұманды ойдан,
тазаладым сананы.
Сартап кезіп, дос іздемен,
Жауым өзі табады.

Жүректегі,
әкімге емес,
қаңғыбасқа дес бергем.
Сабын болса,
кір тазарар,
Ештеңеден сескенбен!

20 наурыз 2018 жыл.

ҚАЙЫРШЫНЫҢ ЗАРЫ
(Ұмытпаңдар!)

Мен де сүйем,
Тәтті тамақ,
Теңгені.
«Миллионер болсам»
деймін,
Ең кемі.
Бірақ,
Өзім мұң шағатын
Құдайдың
Қараңызшы,
қайыршылық бергенін.

Кедейлік те -
Жақсылығы Алланың!
(Ешкім білмес
танымы мен талғамын),
Ауру мен өлім салса,
Не қылам?
Қайыршылық – қанағатым,
Бар бағым!

Пенде көрдім:
Байлығы бар,
Бағы жоқ!
Кеуде толы қап-қара дақ,
Ағы жоқ.
Қайғы-мұңы
қыр соңынан қалмайды,
Теріп бітпес тары боп.

Нәпсі байғұс
Қарамаған талғамға.
Ей, байшыкеш!
«Кедейсің», - деп,
таң қалма!

Менің бағым,
сенен артық жүз есе!
Хақтан басқа,
Ешкімім жоқ,
жалғанда!

Ұмытпаңдар,
Иемізді Жаратқан!
Бойымызға
тіршілік-нәр таратқан.
Хақ Иені ұмытсақ біз,
Сол күні,
Қара Жерге жабысады
Ақ Аспан!

12 мамыр 2018 жыл.

ҮРКЕР

Бір жылдың күзінде Сыр өңірінің басшысы Қырымбек КӨШЕРБАЕВ өзіне кеңесші болуға ұсыныс жасады

Қандас бауыр, Қырағам!
Балаң пейіл,
шын адам.
Әулетіңнің ұлы едің,
Бір Құдайдан сұраған.

Тағдыр жолы
сұрапыл.
Кездің ой мен қыратын.
Ұлықты ұл оздырар,
Әкесінің мұратын.

Мерей – шалқар,
сен өсіп.
Шонжарлармен теңесіп.
Арамызды аңдып жүр,
Елеу көкем елесі.

Аздан
көпті құрадың.
Қиынына шыдадың.
Үркер шығып биікке,
Жарқырады шырағың.

Құс қанатты
жорған да.
Орының зор ордамда.
Елағасы еріген,
Тәңір сүйген талғамға.

Қазық қадап
қармандың.
Мінезімен арланның.

Қазақ жерін қорғадың,
Отын басып орманның.

Іс бітпесе
жата алмай.
Буырқандың атандай.
Есіл елің есейсін,
Дұшпан шауып, жат
алмай!

27 қараша 2013 жыл.

АБЫЗ ҚАЙДА?

Жайсаң мінез жайыл-
май,
Қуды
құрғақ елесті.
Жақсы-жаман айырмай,
Дүбәрә ойлы,
бала өсті.

Құл тілінде сандалды,
Қала шалы
қалтырап.
Қала-кемпір аңдалды,
Киік-саны
жалтырап.

Үлгі емес қауымға,
Аңсаған
ылас төсекті.
Ақсақал жоқ ауылда,
Өңшең қақпас,
өсекші.

Түзететін қатемді,
Тәтем
тәлім қумаған.
Тойды басқа көтерді,
Кілең кемпір
шулаған.

...Танымымды таң
қылар,
(Тектіліктің
таңы ізгі)
Айызымды қандырар,
Қайдан табам
абызды?!.

Қасиеті – жебедей
Алаш мұқтаж
арысқа.

Өсиеті – телегей,
Соңғы абыз
Әбіш па?!.

22 қазан 2018 жыл.

ЖАЛҒАННЫҢ КІЛТІ

Қолында қызмет пен малың барда,
«Қотыр атың» шабады ұзақтарға,
Қарамайды бөгетке, тұзақтарға!
Жалғанның кілтін тапқан тірі жан жоқ,
Тасынып, тау қопарып,
құз ақтарма!

Қолында қызмет пен малың барда,
Туысың «жаны ашып», күнде келер.
(Тоқтамай сыбырлайды, бірдеңелер...)
Балаларды айналып, иыққа сап,
Өзіңді Айға теңер,
Күнге теңер!

Қолында қызмет пен малың барда,
Дос-жаран сағат өтпей, «сағынады»,
Сөзің мен уәжіңе бағынады.
«Жан досым - жалғыз ғана өзіңсің», - деп,
Басқаларды өсектеп,
шағынады.

Қолында қызмет пен малың барда,
Көрші-қолаң тым жұмсақ, «үлбіреді»...
Кеңесіңе құлағын түргіледі.
Әулетіңді әуелетіп, түгел мақтап,
Әзіл айтып,
жарыңды күлдіреді.

Қолында қызмет пен малың барда,
Кеш – көңілді, атады таңың күліп.
(Малғұн мыжып-мылжыңдар
жаңылдырып...)
Алынбас асқар таусың балаң үшін,
Күн сайын қарсы алады,
жарың күліп.

Қызмет пен малыңнан айырылғанда,
Ырзасың – самал желге, ағынға да.
Мұңдасың – ұятың мен арың ғана.
Құрдасың – он бестегі шын мұсылман,
Сырласың – ақсақал тау,
сағым дала.

Қызмет пен малыңнан айырылғанда,
Жаратқанға сәжде қыл, құлай сеніп.
Қорғаштайды иманың мың ай сені.
Ең қымбат шын досыңмен қауышасың,
Жалғыз тастап кетпейді,
Құдай сені!

23 қараша 2018 жыл.

ПАНА

Бердібек Қуанұлы МЕЙІРБЕКке

«Друг мой, друг мой...
Месяц умер,
Синеет в окошко рассвет.
Никого со мной нет.
Я один,
И разбитое зеркало»
Сергей ЕСЕНИН.

Жалған-ғұмыр «жетесіз»,
(Өтелмейді қатесіз).
Сен де бүгін – әкесіз,
Мен де бүгін – әкесіз.

Тоқ – түсінбес, аш – ұқпай,
Адам жүрер асықпай.
Жарық күні – тым қысқа,
Шікке түскен асықтай.

Сыбызғылап сырнайды,
Ызғар дауыл ырғайды.
Сүйретіліп сүрлеумен,
Шана-тағдыр зырлайды.

Ошағы оттай қызады,
Ақыреттің тұзағы.
Есеп қуған есерге,
Сиыр сәске ұзады.

Жарқырады күн шығып,
Аракідік тұншығып.
Қасаттанған мұрат бар,
Ерімеген тұмсығы.

Тас қапастап бар маңды,
Қас-дұшпаным қарманды.
Үзе алмайды үмітті,
Түгесе алмас арманды.

Кірбің кетпес көңілден,
Қабырғамыз сөгілген.
Қадірліден көз жазып,
Көз жасымыз төгілген.

Тар тағдырым, тайқысың,
Қош бол ана, бай-құтым.
Күн қызуын сіңіріп,
Қалқып берген Ай сүтін.

Көз сата ұзап селдір күн,
Артыңнан ұзақ телмірдім.
Мұң қармап, ақыл адасып,
Теңселгенімді жел білді.

Қырық жамау жаға тым,
Таусылардай тағатым.
Жанашырсыз жалғыз қап,
Қайырылды қанатым.

«Тұяғымыз» сүрінген,
Табанымыз тілінген.
Өзеуреген өзекті,
Қарауылға ілінген.

Қаусырғанда қара сыз,
(Бейбақ пенде шарасыз)
Екеуміз де – анасыз,
Екеуміз де – панасыз.

07 маусым 2018 жыл.

ҚОҢЫРАТЫМ

Мемлекет және қоғам қайраткері, нағашым
Нәлқожа Ақбалаұлы ЕРГЕШБАЙға

Қоңырат.
Нағашы жұрт.
Қоңыратым!
Қарапайым қоңыр үй,
қоңыр – атың...
Жиделі-Байсын жері – жұмақ мекен,
Телегей, терең ойға шомылатын.

Жарасар жар иығына,
дара шапан.
(Тал бойыма бұла күш,
тараса қан)
Қарахан таудан биік қарап жатыр,
Алпамыстай алпамса,
Нағашы атам!

Зынданда,
запыранын түйіп іштен,
(Қалмақ қанын,
кесеге құйып ішкен!)
Тең келмес «Одиссея», «Манасың» да,
Алпамыс,
шүршіт шапқан күйініштен.

Қадымда,
көп дұшпаның жайыпты лаң.
(Алаңсыз, ақ пейілді
«айып» қылған.)
Хақ қалап, әмбе жаудың басын иді,
Шыңғыстай жиен туып,
Сайыпқыран!

Күллі әлем атын естіп,
дірілдеген.
Бүктелді талай тізе,
бүгілмеген.
Алтын құрсақ ананың ғазиз мысы,
Қағанның қаһарындай
гүрілдеген.

Сырбазы,
сырын ұғып ала таңның.
Нар елдің,
нәм мен нәрін таратармын.
Қанжоса қылышымен түрен салған,
Сарабдал,
сыңарымын бөле-атамның!

Тұлпардың жүйріктігі -
тағасынан.
Сұңқардың сүйріктігі -
даласынан.
Тегі тұнық бекзаттық лайланбас,
Жігіттің жайсаңдығы -
Нағашыдан!

Мінәжатым,
мың тәубе елдігімде!
Анамның алқауындай,
кеңдігім де.
Жаралғаным, жатқаным
тұма бұлақ.
Еншілеймін есемді енді кімге?!.

Мейман күтіп, аяққа шалынатын,
Соя салған жайратып соғым атын.
Қыздың ұлын
Нәбидей қадір тұтқан.
Құт қорғаным,
Жанашыр,
Қоңыратым!

Әз елден бастау алған
түйсік-арман.
(Ән арнап, өлең жазып,
күй шығарғам).
Сарғайған сағынышым түгесілмес,
Дүр елге,
Анашымның иісі қалған!

1 наурыз 2012 жыл.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БІЛІМІ



Заман — білімдінікі. Бұл күнде қоғамдық, әлеуметтік ғылымдардан мақұрым қалсаң, көштің шаңына көмілдім дей бер. Қай саланың маманы болсаң да, баяғыда университетте алған білімің күн сайын жаңартуды, жақсартуды, заман ағымына ілесуді талап етеді. Себебі ғылым қарыштап дамуда. Екі жыл бұрынғы алған білімің өзекті емес, ал он жыл бұрынғың тіпті іске алғысыз болуға айналды. Сол уақыт аралығында кез-келген салада қаншама жаңалықтар ашылып үлгеріп жатыр. Мұғалімдердің таусылмайтын курстары, дәрігерлердің бітпейтін «біліктілік көтеруі» қайдан шығып жатқанын ойлай беріңіз.

Ал осы толассыз даму үстіндегі заманда өзіңді қалай жетілдіруге болады? Мейлі, мамандық бойынша жұмыс орның курстарға жібереді екен, ал тұлғалық даму ше? Үйде отырған үй ханымы болсаң, не істейсің? «Арнайы маман иесі емеспін, үйде отырғандарға не курс керек?» деп ойламаңыз. Үйде отыр, отырма, жаңағы уақытпен бірге өсіп жатқандармен бір тілде сөйлесу үшін, замана керуеніне ілесу үшін өз біліміңді көтеруге мәжбүрсің. Қалай? Иә, тегін дереккөздер арқылы, интернет арқылы. Қазір интернет арқылы өзіңді дамытып қана қоймай, жеке кәсібіңді дөңгелетуге де болады. Оған өздеріңіз әлеуметтік желілерде күнде куә болып жүрсіздер.

Әсіресе Инстаграмда. Инстаграм желісі соңғы жылдары әлем бойынша ең үлкен сауда алаңына айналғаны оған дәлел. Яғни, басқа әлеуметтік желілермен салыстырғанда ең көп ақша айналатын осы Инстаграм екен. Ал, осы алып алаңдағы қазақтың үлесі қандай? Қазақтың, қазақтілдінің? Қазақтілділер тек тек өзгенің жазған-сызғанына мәлиіп отырмыз ба, әлде өзіміз де қайрат қылып, осы құралды шетінен игеріп жатырмыз ба? Бұл сұрақтың жауабы аса көңіл көншітпейді. Салалық, тақырыптық, арнайы парақшалар өте аз. Тек әншібишілердің, танымалдардың парақшасына телміреді жұрт. Олардан пайдалы білім шығып

жатса жақсы... Парақшасында көбіне ішкен-жегені, қымбат көйлегі мен тойда қалай «шайқағаны» екені ешкімге құпия емес.

Осы олқылықты толтырар кез жетті деп, атқа қонған екеу бар. «Жұрттың бәрі пайда көріп жатқан желіні игеріңдер, үйреніңдер, табыс табыңдар, бағыт табыңдар, бос парақтап отырмаңдар» деп шырылдап жүрген екеу — Эльвира Ерғалина мен Құралай Раисова қыздарыңыз. Екеуі де кәсіби журналист. Блог жүргізуді блогплатформалар, сайттар кезінен бастаған, қазір жілігін шағып, майын ішіп жүрген блогерлер.

«Өзге тілдегі парақшалардың сауаттылығына, жан-жақты және терең білім беретін, рухани, визуалды ләззат сыйлайтын көркіне қызығатынбыз. Бір күні жұртқа қызығып аузымыздың суын ағыза бермей, қазақтілді Инстаграмды дамытуды өзіміз қолға алайық деп шештік. Содан жоспарлап, кесіп-пішіп алдық та, Инстаграмм желісінде парақша жүргізуді қалың көпшілікке үйретуге бағытталған жобамызға @insta_kampit деп атау беріп, бастап кеттік. Тәтті, тартымды парақша болсын, кісі қызығарлық білім беретін болсын деп осылай атауды ұйғардық» дейді жоба авторлары.

Расында да, парақшалары - кәмпит десе кәмпит! Жаңаша көзқарас, жаңаша леппен келгенін кірген адам бірден байқайды. Көрікті дизайны өз алдына, жазбалары да мазмұнды, шетінен пайдалы. Қай постын ашсаңыз да, сізге керек нәрсе екенін көріп, сақтап алуға асығасыз. Парақшаны ашуын ашып алып, жұлдыздарға лайк басудан ары аса алмай отырған көпшілікке бұл кәдімгі оқу құралы болып тұр. Әр жазбасын оқып, қолданысқа енгізе қойсаңыз, тез арада өз парақшаңызды көркейтіп, оқырман санын арттырып, кәсіпкерлерге сауда көлемін ұлғайтуға болады екен. Ашылғанына бір айдан енді ғана асса да, 17 мыңдай оқырман жинап, сұранысқа ие болғанының өзі көп нәрсені аңғартпай ма? Сол Инстаграм әлеуметімен танысып жатқан 17 мың халық күнделікті сұрақтың астына алып, пікірді жаңбырша жаудырады екен. Жаңа білім игеру оңай емес қой, оны авторлар жақсы түсініп, барынша жауап беріп отыруға тырысады, бар білгенімен бөлісіп жатыр.

Инста әлем есігін теуіп кірген жап-жас жоба @insta_kampit жақында алғашқы марафонын өткізді. Тептегін сабақ алуға 1000-ға тарта адам қатысып, қаншамасы алғысын жаудырып




жатқанына куә болдық. Ендігі кезекте, ақылы курс. Тегіннің қадірі жоқ, ақысын төлеп алған білім сіңімді болады емес пе. Бұл курс әсіресе сауатты блогер болып қалыптасқысы келетіндерге, Инстаграм желісінде табыс тапқысы келетіндерге, тауарын не қызметін сататын кәсіпкерлерге, жеке брендін қалыптастыруды көздейтіндерге, «дүние де өзі, мал да өзі» желінің тілін игеруді қалайтындарға ауадай қажет екеніне күмән жоқ. Себебі, заманға қарай бизнес тасын домалата білу де үйренуді қажет ететін өнер.

Қысқасы, бұл бір заманға лайық берекелі іс, нағыз кен екен. Біз тауып, өздеріңізге ұсындық енді алтын тапқан жерді белден қазыңыз, құрметті оқырман. Өмірдегі ісіңізді онлайн әлемде өркендетем десеңіз, @insta_kampit-тің базарлығынан құр қалмаңыз! Ал қазақтың қос қарлығашына сәттілік тілейміз, биіктерден көріне беріңіздер!

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

ҚАРЫБЕКТІҢ ҚАРЫМЫ



Жақында Гүлжаз Қарыбектің баспадан жаңа ғана шыққан, әлі сиясы кеуіп үлгермеген, көлемі он бес баспа табаққа жуық, 240 беттік «Алдаспан» атты кітабы менің қолыма түс әлетінде тиді. Сол күні күні жатқанша соңғы үтір, нүктесіне дейін түк қалдырмай оқып бітірдім. Мұнымен не айтпақпын? Біріншіден, бұл кітап бүкіл саналы ғұмырын көлікпен жолаушылар тасымалдау ісіне бағыштаған менің досым – Тәңірбергенов Рақым Көлбайұлының өмір жолы туралы жазылғандығы айрықша қызығушылығымды оятса; екіншіден, Түркістандай киелі мекеннің қасиетті азаматы өзінің өнегелі еңбек жолымен, ауыз толтырып айтарлықтай атқарған істерімен автордың назарына іліккендігі; үшіншіден, және негізгі айтпағым: кітап тілінің жатықтығы, көркемдігі әрі тартымдылығы. Бұл – Гүлжаз қарындасымыздың алғашқы туындысы болса да, қарапайым ғана тақырыпты өзінің тынымсыз ізденістерінің нәтижесінде алымдылық та, қарымдылық та таныта отырып, осындай көркем дүние деңгейіне көтере алған шеберлігіне деген сүйсінісімді бүгіп қалуым мүмкін емес.

Басты кейіпкер Рақым Көлбайұлының жомарт жүрегі елім деп еміреніп тұратындығы кітаптың өн бойында нақты ақпараттарды келісті де, көркем кестелеу арқылы айшықты көрініс тауып отырған. Қазақстан бойынша Түркістанда қалааралық және қалаішілік бағыттарда жолаушы тасымалдау құны ең төменгі бағада болуы – осы айтқанымыздың жарқын мысалы емес пе? Түптетіп айта беретін болсақ, кітапта айтылған деректердің біразын қайта тізіп шығуымыз мүмкін. Алайда біздің негізгі мақсатымыз кітаптың құндылығы жайлы сөз қозғау болғандықтан, осы жағына ойысқанымыз жөн болар.

Азаматтың адами тұлғасын кескіндеумен бірге, оның бітімі мен болмысын терең зерттеп, жан дүниесіне шұқшия үңілген автордың жанкешті еңбегі суреттемелер мен байыптауларының тереңдігінен менмұндалап тұр. Ұтықр да ұрымтал сөздер тұп-тура қажетті тұста өз-өзінен құйылып келе салғандай және өмірдің шынайы көріністері ешқандай әсірелеусіз, әспеттеусіз нақтылықпен берілген. Кітапта сипатталатын оқиғалар біз секілді сол сәттерді өз көзімен көріп, басы-қасында жүрген, кейіпкермен аралас-құралас жандардың көз алдына сол бір өткен күндер картинасын қаз-қалпында қайта тірілткендей әсер бергені сөзсіз. Мұнда

ширықтырып, құйқаны шымырлатып, енді қайтер екен дейтін шиеленістер мен текетірестер жоқ, себебі бұл ғұмырбаяндық шығарма, алайда автор құрғақ баяндаумен бір сарында сырғытып кете бермей, өзі лайықты деп тапқан тұстарға көрнекті де мәнді детальдар мен мағынасы терең мысалдарды ой жүйесін үзбестен, шебер кіріктіріп, қиюын келтіре үйлестіріп отырған. Бұл әдісі айтулы дизайнердің қолынан шыққан әрі сәнді, әрі қонымды киім секілді шығарманың реңін ашып тұрғаны даусыз.

Табиғаты мен болмысына ырыс пен құт дарыған, адалдық пен тазалықты жан дүниесінің құбыласындай көретін, кие тұтатын асыл азаматтың өмірдегі темірқазық етіп ұстанғаны да осы қасиеттер екендігі көпке мәлім.

Кесіп сөйлейтін, кесек тұрайтын мінезін, жан баласының алдында мәймөңкелеп, кішірейіп көрмеген қайтпас қайсарлығы мен қолға алған ісін аяқсыз қалдырмайтын қажырлылығын, бұрынғы өткен батыр бабалардың көзіндей көрінетін құрыштан құйылғандай кескін-келбетін, кітаптың атын «Алдаспан» деп атауының өзімен-ақ автор наркескен тұлғаның пішінін дәл тұжырымдап, дөп басып тұрғандығын танытқандай.

Бұл шығарма кеудесінде титімдей түйсігі бар пенде титтей де болса түйін түйіп алардай тартымды да тағылымды дүние деп білемін.

Өнегелі істерімен көпке үлгі болып, елді аузына қаратып, айта да білетін, айтқанын бұлжытпай орындай да білетін іскер азамат жайлы осындай тұшымды дүние жазылуы бір жағынан дос көңілімді қуантса, екінші жағынан бұл – жазылуы тиіс, заңды нәрсе ретінде қабылданады.

Облыстық мәслихаттың депутаттығына қатарынан 5 рет сайлану – нағыз халық қалаулысына ғана лайық кәде екендігі кімге де болса ұғынықты мәселе. Атымтай жомарттығының арқасында қаншама тарыққандар мен торыққандарға қол ұшын созып, алғысқа кенеліп жүргені өз алдына бір төбе. Осы жасаған игі істерінің сауабын Алла өзіне нәсіп қылғай деп тілеймін.

Дара бітімді Рақым Көлбайұлының өмір жолын арқау еткен «Алдаспан» кітабының таным мен талғам тұрғысынан оқырманға берері өте көп. Автордың өресі биік, үлкен интеллектуал, зерделі сөз шебері екендігіне шығарманы оқи отырып көз жеткізу әсте қиындық тудырмайды.


Әлем әдебиетінің алыптары мен жарық жұлдыздарының айтқан данышпандық сөздерінен келтірілген цитаттар мен ұлтымыздың ұлыларының қанатты қағидаларын, далалық ой сілемдерін асыл бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған аманатындай етіп аялап жеткізуі – авторды көз алдымызда биіктетіп жібергенін сезіндік. Ұлттық салт-дәстүріміздің керемет үлгілерін кейіпкерінің іс-әрекетімен ұштастыра баяндауының өзі не тұрады?!

Іні-қарындастарын, ұл-қыздарын түгел қанатының астына алып, бауырмалдық танытып отырған; ата-анасының алдын көлденең кесіп өтіп көрмеген, сөздерін сындырмаған басты кейіпкердің іземтілігіне қалай сүйсінбессің? Ынтымақ пен бірлікті дәріптеп, әулеттің ғана емес, әлеуметтің қамын ойлап, жарғақ құлағы жастыққа тимей, бірнеше қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүрген атпал азаматтың атқарып жатқан шаруалары шаш етектен.

Елбасымыз үндеп отырған рухани жаңғырудың да басты мақсаты – ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, жарыққа шығару, қазақ деген халықтың жандүниесінің байлығын жалпақ әлемге таныту болса керек. Мәдениетіміз бен әдебиетімізді өркендету де осы үрдістің, үдерістің құрамдас бөлігінің бірі.

Олай болса, бойынан қазаққа тән барлық асыл қасиеттердің жұрнақтары молынан табылатын, рухани тұрғыдан бай, бүгінгі заман тынысын тап басып, тани білген кәсіпкер азамат жайлы кітап жазу да уақыт талабына өзіндік үн қосудың белгісіндей. Әрбір ісімен ұрпаққа үлгі боларлықтай жарқын жол көрсетіп, соны соқпақ салып отырған азаматтың ғұмырын өз шығармасына өзек етіп алып, танымдық, тағылымдық тұрғыдан өнегелі іс тындырған, «Алдаспан» кітабының авторы Гүлжаз Қарыбек қарындасымызға «Бәрекелді», - деп қол соға отырып: қаламың жүйріктігінен танбасын, табыс биігінен көріне бер! – деген тілек білдіргім келеді.

Зейнулла ЕРКЕБАЛАЕВ,
ақын, Түркістан қаласының
құрметті азаматы



АДЫРАСПАН ТҰТАТУ

Ертеде төрт шадиярдың бірі Әзіреті Оспан әскер бастап жорыққа шығыпты. Жолда бір жерге түнейді. Түнде жаулары тыңшы жіберіп, байлаулы тұрған аттарын босатып, жан-жаққа шашыратып қуыпты. Түнімен азан-қазан болып, сахабалар аттарын іздейді. Ертесіне Оспанның атының шылбыры бір түп адыраспанға оратылып қалғанын көреді. Оның кісінеген дауысын естіп, өзге аттардың бәрі сол араға жиналған екен. Оспан да серіктерін ертіп, жылқының дауысы шыққан жерге келеді. Қараса, барлық жылқы бір жерге үйіріліп тұр екен. Оспан адыраспанды дорбасына салып алады. Сол жорықта жолы болып, жеңіспен оралады. Елге келген соң, Мұхамбет пайғамбарға болған жайды баяндайды. Пайғамбар:
- Бұл шөптің аты қалай ?деп сұрайды. Оспан:
- Мұны адыраспан деп атадым, деді. Пайғамбар:
- Ұлық Алла бұл шөпті себеп қылып, бір апаттан сақтапты. Бұдан кейін де адыраспан менің үмбетіме игілікті қызмет етсін, деп, аят оқып, шөпке дем салған екен.
Содан бері адыраспанға емдік қасиет дарыпты. Осыған орай ел ішінде:

Ассалаумағаликум, адыраспан,
Атыңды қойған екен Әзіреті Оспан.
Пайғамбар дұғасынан нәр алған соң,
Өзіңе келіп тұрмын жол алыстан,
деген сөз қалыпты.

Содан бері жұрт адыраспанды киелі, пайғамбардың қолы тиген қасиетті өсімдік деп санапты. Оның қураған сабақтарын тұтатып, үйдің ішін аластайды екен.

ЖАЛҒАН АТАҚ–ДАҢҚҚА МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАЙЫҚ!

Қазір кеудесіне жез-темірден салпыншақ тақпаған адам қалмады-ау, сірә. Бай да, жарлы да, қатысы бар да, қатысы жоқ та тағып жатыр, тағып жатыр, тағып жатыр... Жиын-салтанаттарда қол шапалақтаудан шаршайсың, тіпті. Пәлендей елдің құрметті азаматы, пәлен мекеменің пәлен жылдығының мерейтойлық төсбелгісі, пәлен саланың үздігі... «Еңбегім бар ма, жоқ па, лайықпын ба, лайық емеспін бе»? деп жатқан бірі жоқ. Селфилетіп, фотолатып, әлеуметтік желіні жаулап алды. Мемлекеттік награда болса мейлі ғой, түрлі қоғамдық ұйымдардың, мекемелердің арзанқол мадақ-марапаттары. Белгісіз ұйымдардың белгісіз төрағалары қолын қойып, жеке кәсіпкер деп тіркеткен мөрлерін басып, есепсіз үлестіріп жатыр. Мұндай «марапаттар» ақылы. Төле де – ала бер! Бір сәттік алданыш, бір мезеттік қуаныш. Сосын темір-терсегіңіздің ешкімге керегі жоқ, бала-шағаға мазақ, ойыншық болары даусыз...

Сонда мына жұрт жалған атаққа несіне ұмтылып жатыр? Қайтпекші бұл темір-терсекті? Әлде, даңқ-марапатқа етіміз үйреніп қалды ма? Әлгі тіркеусіз төсбелгілерін сарғайтып, тот басып кеткенше кеуделерінен тастамай тағып жүретіндерді қайтерсің?! Сонысын сұқ саусағымен шұқып көрсетіп, «мені байқа»! деп қорқытатындар да аз емес. Бір жапырақ Алғыс хатының суретін әлеуметтік желіге салып, «ал, құттықтасаңдар болады»! деп, танауын көкке көтере «лайк» жинауға асығатын замандастарымыз да жетерлік. Жаппай – хайп! «Хайп» деп отырғанымыз жалған атақ қуып, пиарлатып немесе өзін-өзі жарнамалауда алдына жан салмайтын жандарға арналған жаңа неологизм.

Кезінде Мөңке би: «Азарсың, жұртым, азарсың, Азарыңның белгісі: Құны жоқ қағазды судай шашарсың...» деп ескертіп еді, әлде соның кебі келді ме екен?

Биыл – Жастар жылы ғой. Осыған орай менде ұсыныс бар. Мемлекеттік наградадан басқа барлық жалған атақ-даңқ, ақылы төсбелгілерге МОРАТОРИЙ жариялайық! Медаль таратқыштар одан гөрі үйсіз-күйсіз жүрген ЖАСТАРҒА баспана сыйласын, зейнет жасына жетсе де орнын босатпай отырған шал-шауқанды құрметті демалысқа жіберіп, талантты да іскер жастарға жұмыс тауып берсін, елімізді байытуды көздейтін жастарға арзан несие әперіп, шағын бизнеспен айналысуына мүмкіндік жасасын, креативті ойлайтын жастардың депутаттыққа, басқа да сайланбалы органдарға ұмтылуына жол ашсын!

Елбасымыз осы жылды Жастар жылы деп жариялай тұрып: «Біздің жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек», – деп үлкендерге, біздерге, үміт артып еді ғой. Ендеше, қолдан келсе қуаттайық та!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ





БӘСІ БӨЛЕК БӨБЕКЖАЙ

Түркістан қаласының іргесіндегі «Шаға» ауылында сырттан қарасаң көз тоярлық жаңа типті «Түркістан-Бәйтерек» балабақшасы бой көтерді. Осынау балалар мекенін көруге асығатындар көп екен. Оның да себебі бар. Мұнда балалар таңертең-кешке көлікпен тегін тасымалданады, бесіндегі жеңіл асты қосқанда, ас-ауқаты төрт мезгіл, ұжымы көңілді, басшысы іскер. Бөбекжай іргесінде балалардың жаялықтарын дымқылдап шая салатын кір жуу бөлмесі, тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетер әдіскер кабинеті, психолог, дәрігер кабинеттері, қызметкерлерінің бір уақ демалып, жуынып-шайынатын мансардтық қонақжайы, ең бастысы, меңгерушісі Галина Нұрсейітованың жұмысқа деген ерекше ынта-ықыласы бар екен.



Балабақшаға кіре берістен-ақ тазалық пен ұқыптылықтың сиқырлы бір әлеміне тап болғандай, ерекше күйге түсесің. Балалар да мұны сезіне ме, әйтеуір, Галина апайларын айналшықтап, қасынан шықпайды. Мақпал Жармұханбетова, Эльмира Төлешова, Дина Бархатова, Шынар Баймаханова, Алтынкүл Толаева, Ақсәуле Пернебек сияқты тәрбиешілер де бөбектердің сүйіктісі.

– Мен балабақша ашпас бұрын, көп іздендім, – дейді Галина Жүсіпбекқызы. – Мақсатым – ата-анаға қолайлы, балаға ыңғайлы бөбекжай салу еді. Жұрт сияқты тұрып жатқан үйімді балабақшаға икемдей салмай, сәулеттік сызбасын сыздыртып, жылы әрі кең болсын деп, арнайы қызыл кірпішпен 3 қабат етіп соқтырдым. Бұл ойдағы біраз идеяларымды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ең алдымен, әр топта санитарлық орынның болуын қадағаладым. Сантехникалық бұйымдардың бала бойына, қимыл-әрекетіне ыңғайлы, шағын әрі аласа болуын ойластырдым. Бірақ, ондай бұйымдарды Түркістаннан таба алмадым. Арнайы шет елден алдыруыма тура келді. Әр жиһаз, әр перде, әр ыдыс-табақ бала түйсігіне лайық талғаммен таңдалды. Кадрларды жергілікті жерден ғана алуға баса мән бердім. Кейбір балабақшада 3-4 адам ғана жұмыс істейтін болса, мен қазір 27 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Енді бала санын 120-дан 150-ге дейін жеткізуді ойластырып жатырмын. Қазір қаладан келіп, баласын біздің балабақшаға беріп жатқан ата-аналар бар. Керісінше, үй іргесінде балабақша тұрып, бөбегін қалаға таситын ата-аналар да жоқ емес.

Галина Жүсіпбекқызы бөбекжайына дамыған елдердің балабақшаларының әдістемесін негіз етіп алып отырғанын тілге тиек етті. Мәселен, Жапонияда әр бала балабақшада жүріп, өзін осы топтың толық мүшесі екенін



сезініп, топтас құрбы-досына көмектесуге, оның ата-анасын құрметтеуге, отырған айналасын жинай салуға дағдыланады екен. Ал неміс балабақшаларында сәбилерге үйлерінен өздерінің сүйікті ойыншықтарын





алып келуге рұқсат беріледі. Матрацтар тек кереуеттерде ғана емес, қабырға бетте жерде де жатады. Бұл ұйқысы келген баланың аунап жата салуына ыңғайлы. Осы сияқты шет елде баланы таңертең балабақшаға өткізерде, не алып кетерде ата-анасы қол қойып, тіркетіп кететін, анасымен не әкесімен бірге қаланың көрікті жерлерін, мұражайларын саяхаттататын, бассейнге апарып шомылдыратын арнайы бағдарламалар бар.



– Міне, осындай бала еркіндігіне, қиялына жол ашатын түрлі әдістерді, жаңашыл әдістемелерді қолдансам ба деймін. Балабақшаның ашылғанына небәрі үш-ақ ай болды, бәрі уақыттың еншісінде ғой деп ойлаймын, – дейді Галина Жүсіпбекқызы.

Мұнда азық-түлік базардан емес, тек супер-маркеттерден жеткізіледі. Сондықтан қай кезде де бөбектер жылыжайлардан жаңа ғана жұлынған, жас піскен өнімдерден дәм татады.

Балабақшаны барлық тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы десек, «Түркістан-Бәйтерек» балабақшасындағы тәрбие мен білімнің балалардың табиғи мінезіне, қабілетіне сай жаңа жүйеде жүргізіле бастағанына іштей сүйсіндік...



Б. Кенжебекұлы



Редакция арқылы
1 жылға жазылу бағасы:
6500 тг
6 айға жазылу бағасы:
3500 тг